

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлігі)" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы N 1332 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлік)" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімнің жобасы оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге **мақұлданды**.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Виктор Васильевич Супрунға Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық қоғамдастықтар комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимыл бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлік)" бойынша бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге оған Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіруі туралы мәлімдемесімен бірге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

**БІРНЕШЕ ЕЛДЕРДІ ҚАМТИТЫН БАҒДАРЛАМАЛАР БОЙЫНША
ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМ АРНАЙЫ ШАРТТАР**

Бұдан әрі "**Комиссия**" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы ұсынған, бұдан әрі "Қоғамдастық" деп аталатын Еуропалық Қоғамдастық бір тараптан және бұдан әрі "**Бенефициар**" деп аталатын **Қазақстан Республикасының Үкіметі** **екінші** **тараптан**

ТӨМЕНДЕГІЛЕР ТУРАЛЫ УАҒДАЛАСТЫ:

1-БАП - ОПЕРАЦИЯНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

1.1. Қоғамдастық 2 қосымшадағы Техникалық және әкімшілік ережелерде жазылған бұдан әрі Бағдарлама деп аталатын **2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша**

ТАСИС іс-қимылдарының бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлігі)
қаржыландыруға өз үлесін қосады ¹.

1.2. Бұл бағдарлама қаржылық келісімге және оның қосымшаларына: Жалпы шарттар (1 қосымша) мен Техникалық және әкімшілік ережелер (2 қосымша) сәйкес орындалады.

¹ Бұл дата жақтармен келісілген жобаларды іске асыруға Еуропалық Одақпен бюджетті бөлген жылға қатысты

2-БАП - ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҮЛЕСІ

2.1. Бағдарламаның жалпы құны 15 миллион Евроға ² бағалануда.

2.2. Қоғамдастық ең көп дегенде 15 миллион Евро бөлуді міндеттенеді. Бюджеттік баптар бойынша Қоғамдастықтың қаржылық үлесін бөлу 2 қосымшаның Техникалық және әкімшілік ережелеріне қосылған бюджетте көрсетілген.

² Индикативті түрде Қазақстанға бұл сомадан 4,5 млн. Евро бөлінеді

3-БАП - БЕНЕФИЦИАРДЫҢ ҮЛЕСІ

3.1. Бенефициар бағдарламаға қаржылық үлес қоспайды.

3.2 Бенефициардың қаржылық емес үлесі бойынша Техникалық және әкімшілік ережелерде, қаржылық келісімге 2 қосымшада егжей-тегжейлі уағдаластықтар жасалады.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ КЕЗЕҢІ

Қаржылық келісімнің орындалу кезеңі қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталады және 2011 жылдың 31 желтоқсанында аяқталады. Аталған орындалу кезеңі екі кезеңнен: қаржылық келісімнің күшіне енген сәтінен басталатын және 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталатын операциялық іске асыру кезеңінен тұрады. Және осы күннен бастап орындалу кезеңінің соңында аяқталатын аяқталу кезеңі басталады.

5-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРУҒА АРНАЛҒАН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ КҮНІ

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған келісім-шарттар ең кеш дегенде 2008 жылдың 27 желтоқсанында қол қойылады. Бұл соңғы мерзім ұзартылмайды. Осы ереже кейін қол қоюға болатын келісімдердің аудитіне және бағалауына қолданылмайды.

6 - Б А П - М Е К Е Н Ж А Й Л А Р

Қаржылық келісімді іске асыруға қатысты барлық хабарлар жазбаша түрде, бағдарламаға арналған нақты сілтемесі болуы және мына мекен-жайлар бойынша жіберілуі

т и і с :

а) Комиссия үшін
Mr. Richard WEBER
Director
EuropeAid Co-operation Office
Comission of the European Communities
Rue de la Loi 200
B- 1049 Brussels, Belgium

Fax: +32 2 295 74 82

б) Бенефициар үшін
Виктор Супрун мырза
Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Қазақстан Республикасы
010000, Астана
Жеңіс даңғылы - 11, 922-каб.

Факс: +7(3172) 718545

7-БАП - ҚОСЫМШАЛАР

7.1. Мына құжаттар аталған келісімге қоса беріледі және оның ажырамас бөлігі болып табылады:

- 1 қосымша: Жалпы шарттар
- 2 қосымша: Техникалық және әкімшілік ережелер.

7.2. Қаржылық келісімнің Қосымшалары мен Арнайы шарттарының ережелері арасында қайшылық болған жағдайда Арнайы шарттардың ережелері басымдыққа ие болады. 1 қосымша мен 2 қосымшаның ережелері арасында қайшылық болған жағдайда I қосымшаның ережелері басымдыққа ие болады.

8-БАП - БАҒДАРЛАМАҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН БАСҚА ДА АРНАЙЫ ШАРТТАР

8.1. "Жалпы шарттар" мынадай ережелермен толықтырылды:

8.1.1. 1-ші қосымша "Жалпы шарттардың" 3.1-бабына қатысты, іске асыру бенефициардың мүддесіне жүзеге асырылады деп ұйғарылып отыр.

8.2. "Қаржылық келісімге қатысты Жалпы шарттардың" басқа баптары осы Қаржылық келісімге қосымша берілген "Жалпы шарттарымен" алмастырылған.

8.3 Жобалардың қоса беріліп отырған тізіміндегі қаржылық келісімге тиісінше әрбір жоба қамтитын әріптес елдерден ең аз дегенде екеуі қол қойған жағдайда келісім-шарт жасалуы мүмкін. Елдер Қаржылық келісімге екінші қол қойғаннан кейін ғана олар жобадан түсетін пайданы ала алады.

9-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КҮШІНЕ ЕНУІ

Осы Қаржылық келісім оған қол қойған екі тараптың соңғысының қол қойған

күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Қаржылық келісім Брюссельде үш түпнұсқада ағылшын тілінде жасалды, екі данасы Комиссияға және бір данасы Бенефициарға жіберілуге тиіс.

КОМИССИЯ ҮШІН

БЕНЕФИЦИАР ҮШІН

Ричард Вебер мырза
Директор
ЕuropeAid жәрдемдесу офісі
Еуропалық Комиссия
Б р ю с с е л ь

Виктор Супрун мырза
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау вице-министрі

А с т а н а

Күні:

Күні:

I ҚОСЫМША - ЖАЛПЫ ШАРТТАР

I ТАРАУ - ЖОБАНЫ/БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

1-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесі қаржылық келісімде айқындалған сан ш е г і н д е б о л у ы т и і с .

1.2 Қоғамдастықтардың қаржылық үлесін беру Бенефициар қаржылық келісім бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаған жағдайда жүргізілуге тиіс.

2-БАП - АРТЫҚ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ОНЫ ЖАБУ

2.1 Қаржылық келісім бюджетінің жекелеген баптары бойынша артық шығын аталған Жалпы шарттардың 17-бабына сәйкес жалпы бюджет ішінде қаражатты қайта б ө л у а р қ ы л ы ж а б ы л у ы т и і с .

2.2 Қаржылық келісім бойынша айқындалған қаражаттың жалпы санының артық шығын тәуекелі кезінде Комиссия жобаны/бағдарламаны қысқартуы не Бенефициардың меншік ресурстарын немесе Қоғамдастықтардың ресурстарынан өзгеше басқа да ресурстарды тартуы мүмкін.

2.3 Жобаны/бағдарламаны қысқарту мүмкін болмаған кезде немесе егер қаражаттың артық шығынын Бенефициардың ресурстарымен немесе басқа да ресурстармен жабу мүмкін болмаса, Комиссия айрықша жағдайда қосымша қаржы субсидияларын ұсынуы мүмкін. Мұндай келісім болған кезде шығыстардың артық қалуы Комиссия айқындаған мөлшерде қосымша қаржы үлес есебінен Қоғамдастықтардың тиісті ережелері мен рәсімдеріне залал келтірмей қайта қаржыландырылуы мүмкін.

II ТАРАУ - ІСКЕ АСЫРУ

3 - Б А П - Ж А Л П Ы Е Р Е Ж Е Л Е Р

3.1 Жобаны/бағдарламаны Бенефициар үшін және оның атынан әрекет ететін Еуропалық Комиссия іске асырады.

3.2 Делегация басшысы Бенефициардың мемлекетінде Еуропалық Комиссияны білдіреді.

4-БАП - ОРЫНДАЛУ МЕРЗІМІ

4.1 Қаржылық келісімнің күшіне енген күнінен басталатын және Арнайы шарттардың 4-бабында көрсетілген күнге сәйкес аяқталатын орындалу мерзімі **к о р с е т і л у і т и і с .**

4.2 Аталған орындалу мерзімі екі кезеңнен тұрады:

- барлық негізгі іс-шаралар жүргізілетін шеңберде практикалық іске асыру кезеңі. Аталған кезең қаржылық келісім күшіне енген күнінен басталады және орындалу мерзімінің соңына дейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады;

- түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізілетін, сондай-ақ техникалық және қаржылық жағынан қаржылық келісім бойынша барлық келісім шарттар жабылатын қорытынды кезеңі. Аталған кезең практикалық іске асыру кезеңі аяқталған күнінен басталады және осы күннен кейін 24 айдан кешіктірмей аяқталады.

4.3 Негізгі іс-шаралар бойынша шығыстарды олар практикалық іске асыру кезеңі ішінде туындаған жағдайда ғана Комиссия қайта қаржыландыруы мүмкін. Түпкілікті аудит және бағалық талдау жүргізу жөніндегі шығыстар қорытынды кезеңнің аяғына **д е й і н з а ң д ы б о л ы п т а б ы л а д ы .**

4.4 Қоғамдастық қосқан үлестен кейін қалған кез келген теңгерім орындалу мерзімі аяқталғаннан кейін алты айдан соң автоматты түрде күшін жояды.

4.5 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда практикалық іске асыру кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау практикалық іске асыру кезеңінің соңына дейін кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия **м а қ ұ л д а у ы т и і с .**

4.6 Ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда және практикалық іске асыру кезеңі аяқталғаннан кейін, қорытынды кезеңін және тиісінше орындалу мерзімін ұзарту жөнінде сұрау салынуы мүмкін. Егер ұзартуды Бенефициар жасаса, онда сұрау қорытынды кезеңнің соңына кемінде үш ай қалғанда жасалуы және осы мерзім ішінде оны Комиссия мақұлдауы тиіс.

III ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАР МЕН ГРАНТТАР БЕРУ

5-БАП - ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қаржылық келісімді іске асыратын барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдердің басынан бастап әрекет ететін сыртқы іс-шараларды іске асыру үшін Комиссия айқындаған және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және орындалуы тиіс.

6-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ІСКЕ АСЫРАТЫН КЕЛІСІМ-ШАРТТАРҒА СОҢҒЫ ҚОЛ ҚОЮ МЕРЗІМІ

6.1 Қаржылық келісімді іске асыратын келісім-шарттарға Комиссия бюджеттік міндеттемені қабылдағаннан кейін үш жыл ішінде, атап айтқанда Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген күнге дейін екі тарап қол қоюға тиіс. Аталған түпкілікті мерзім ұ з а р т ы л м а й д ы .

6.2 Жоғарыда көрсетілген ереже кейіннен қол қойылуы мүмкін аудит және бағалау іс-шараларын жүргізу жөніндегі келісім-шарттарға қолданылмайды.

6.3 Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген мерзімде қаражаттың кез келген қалдығына қол қойылмаған келісім-шарт күшін жояды.

6.4 Келісім-шарт, оған қол қойғаннан кейін үш жыл ішінде төлем жүргізілмес қаражатты алып қоюмен оның қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

7-БАП - ЗАҢДЫЛЫҒЫ

7.1 Жұмыстарға, қызметтерге немесе жеткізулерге арналған келісім шарттарды беру жөніндегі тендерге шақыруларға қатысу Қоғамдастықтарға мүше қатысушы мемлекеттердің барлық жеке және заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші бенефициар-елдердің барлық жеке және заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген кез келген басқа үшінші ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне сәйкес тең жағдайларда ашық болуы т и і с .

7.2 Өтінім беру конкурсына қатысу Қоғамдастыққа мүше қатысушы мемлекеттердің барлық заңды тұлғалары үшін және алушы үшінші елдердің барлық заңды тұлғалары немесе аталған актілерде нақты көрсетілген басқа үшінші бенефициар-ел үшін ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше ережелеріне с ә й к е с т е ң а ш ы қ б о л у ы т и і с .

7.3. Комиссия мақұлдаған ерекше және уақтылы негізделген жағдайларда, ынтымақтастықтың тиісті секторын реттейтін негізгі актілердің ерекше шарттары негізінде 1 және 2-параграфтарда көрсетілгеннен басқа үшінші елдердің өкілдеріне келісім-шарттарды беру тендерлеріне қатысуға рұқсат беру туралы шешім қабылдануы м ү м к і н .

7.4 Қоғамдастықтар қаржыландыратын және жұмыстарға, жеткізулер мен қызметтерге арналған келісім шарттарды орындау үшін қажетті тауарлар мен қызметтер, сондай-ақ қаржыландырылатын іс-шараларды орындау үшін гранттарды алушылар ұйымдастырған сатып алу рәсімдері алдағы үш параграфтарда жазылған шарттарда қатысуға құқығы бар елдерде өндірілуі тиіс.

7.5 Аталған азаматтық ережесі сондай-ақ Қоғамдастықтар қаржыландыратын тендерлік рәсімдерге немесе қызметтерге арналған келісім-шарттарға қатысушы қызметтерді жеткізушілер ұсынған сарапшыларға қолданылуы тиіс.

IV ТАРАУ - КЕЛІСІМ-ШАРТТАРДЫ ОРЫНДАУҒА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЕРЕЖЕ

8-БАП - ҚҰРУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТҰРУ ҚҰҚЫҒЫ

8.1 Келісім шарт сипатының негіздемесі кезінде жұмыстарға, жеткізулерге және қызметтерге арналған келісім-шарттарды беруге арналған тендерлік рәсімдерге шақыруға қатысатын жеке және заңды тұлғалар Бенефициар елде тұру құқығына ие болуы тиіс. Аталған құқық келісім-шартты бергеннен кейін бір ай бойы жарамды бо л у ы т и і с .

8.2 Келісім-шартты орындау үшін қызметтері қажетті мердігерлер (грант алушыларды қоса алғанда) мен жеке тұлғалардың, сондай-ақ олардың отбасы мүшелерінің жобаны/бағдарламаны іске асыру кезінде осындай құқықтары болуы тиіс.

9-БАП - САЛЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КЕДЕНДІК ЕРЕЖЕЛЕР

9.1 Арнайы шарттарда арнайы жазылған жағдайларды қоспағанда Қоғамдастықтардың қаржылай көмегі салықтық, кедендік немесе басқа да баждардан (қосылған құн салығынан немесе басқа да осыған ұқсас салықтарды қоса алғанда) б о с а т ы л у ы т и і с .

9.2 Бенефициар ел Қоғамдастық қаржыландыратын сатып алатын келісім-шарттарға немесе гранттарға қатысты елде әрекет ететін мемлекеттік немесе халықаралық донорлық ұйымдарға қолданатын неғұрлым жеңілдікті салық және кедендік рәсімдерді қ о л д а н у ы т и і с .

9.3 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

10-БАП - ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ

10.1 Бенефициар ел жобаны іске асыру үшін қажетті шетелдік валютаны әкелуді немесе сатып алуды қамтамасыз етуге міндеттенеді. Ол, сондай-ақ аталған Жалпы шарттардың 7-бабына сәйкес қатысуға рұқсат алған мердігерлерге қатысты кемсітусіз шетелдік валютаны ресми айырбастау ережесін қолдануға міндеттенеді.

10.2 Егер Негіздемелік келісімде немесе ресми хаттарда аталған мәселе бойынша егжей-тегжейлі ережелер қамтылса, олар да қолданылуы тиіс.

11-БАП - ЗЕРТТЕУЛЕР ДЕРЕКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Егер қаржылық келісім зерттеулер жүргізуді қамтыса, қаржылық келісімді іске асыру үшін қол қойылған аталған зерттеулерді жүргізу жөніндегі жасалған келісім-шарттар зерттеуге арналған меншік құқығын және алынған деректерді

пайдаланудағы, оларды жариялау немесе үшінші тарапқа берудегі Бенефициар мен Комиссияның құқығын басқару тиіс.

12-БАП - КЕЛІСІМ ШАРТТАР БОЙЫНША ҚАЙТАРЫЛҒАН ҚАРАЖАТТЫ БӨЛУ

12.1 Дұрыс жүргізілмеген төлемдерден қалпына келтірілген немесе алдын ала қаржыландыруға арналған кепілдіктерден немесе осы қаржылық келісім бойынша қаржыландырылатын келісім-шарттар негізінде ұсынылған орындау кепілдіктерінен алынған қаражат жобаға/бағдарламаға берілуі тиіс.

12.2 Келісім-шартты бекітетін сатып алу келісім-шартының контекстінде тендер қатысушыларына тарап салған алынып тасталуы мүмкін қаржы айыппұлдары, тендерлік кепілдіктер сауалы, сондай-ақ Комиссияға келтірілген залалды өтеу Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне жүргізілуі тиіс.

V ТАРАУ - НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

13-БАП - ҚЫЗМЕТТІ ЖАРИЯ ЕТУ

13.1 Қоғамдастық қаржыландыратын әрбір жоба/бағдарлама тиісті коммуникациялық және ақпараттық іс-шараларды басшылыққа алуы тиіс. Осы іс-шаралар Комиссияның келісімі болған кезде айқындалуы қажет.

13.2 Аталған коммуникациялық және ақпараттық іс-шаралар бұл іс-шараларды іске асыру кезінде әрекет ететін сыртқы іс-шаралардың көрінісін қамтамасыз ету үшін Комиссия баяндаған және жариялаған ережеге сәйкес өткізілуі тиіс.

14-БАП - БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ, АЛАЯҚТЫҚТЫ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ БОЛДЫРМАУ

14.1 Бенефициар бұзушылықтарды және алаяқтықты болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау және Комиссияның сұрауы бойынша мақсатсыз жұмсалмаған қаражатты қайтару үшін шағым беру тиіс. Бенефициар қабылданған шаралар туралы Комиссияға хабарлауы тиіс.

14.2 "Бұзушылық" дегеніміз Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетіне немесе Қоғамдастықтар басқаратын қаражатқа Еуропалық Қоғамдастықтардың атынан жинақталған меншік қаражаты немесе ақталмаған шығыстар есебінен алынған табысты азайту немесе жоғалту түрінде зиян келтіріп отырған немесе келтіретін экономикалық субъектінің әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрінетін қаржылық келісімдер, келісім-шарттар немесе Қоғамдастықтардың заңдары ережелерінен кез келген ауытқуды білдіреді.

"Алаяқтық" дегеніміз:

- Еуропалық Қоғамдастықтардың жалпы бюджетінің немесе Қоғамдастықтар немесе оның атынан басқаратын бюджет қаражатын заңсыз немесе мақсатсыз ұстап қалуға әкелуі мүмкін жалған, дұрыс емес немесе толық емес құжаттаманы немесе

мәліметтерді пайдалануға немесе ұсынуға;

- ерекшелік міндеттемелерге, осындай салдарымен зиян келтіретін ақпаратты ж а с ы р у ғ а ;

- осындай қаражатты олардың бастапқы мақсатынан басқа мақсатта заңсыз пайдалануға қатысты кез келген әдейі әрекетті немесе әрекетсіздікті білдіреді.

Бенефициар бұзушылық немесе алаяқтық дейтіндей күдік тудыратын кез келген жағдайлар туралы Комиссияны дереу хабардар етуге тиіс.

14.3 Бенефициар келісім-шарттарды немесе гранттарды беру немесе оларды іске асырудағы рәсімнің кез келген сатысында белсенді немесе пассивті сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісін жою үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға міндеттенеді. "Пассивті сыбайлас жемқорлық" дегеніміз ресми тұлғаның тікелей немесе делдал арқылы жеке өзі үшін немесе үшінші тарап үшін кез келген түрде сыйақы сұраған немесе алған немесе ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасаған кезде немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітуге әсері бар немесе әсер ететін ресми міндеттерін бұзудағы өз қызмет бабын пайдаланған кезде осындай сыйақы берілетініне уәде алған әдейі әрекетін білдіреді. "Белсенді сыбайлас жемқорлық" дегеніміз кімде-кімнің ресми тұлғаға жеке ол үшін немесе үшінші тарап үшін, ол белгілі бір әрекет немесе әрекетсіздік жасау үшін немесе ол Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүдделерін кемсітетін немесе кемсітуі мүмкін ресми міндеттерін бұзуда өз қызмет бабын пайдалану үшін тікелей немесе делдал арқылы сыйақының кез келген түрін беруге уәделенуде немесе ұсынудағы әдейі әрекетін білдіреді.

15-БАП - КОМИССИЯ, СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС ЖӨНІНДЕГІ ЕУРОПАЛЫҚ БӨЛІМ (СЖҚКЕБ) ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫҢ ЕСЕП ПАЛАТАСЫ ТАРАПЫНАН ЖҮРГІЗІЛЕТІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ТЕКСЕРУ

15.1 Бенефициар Комиссия, СЖҚКЕБ және Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы қаржылық келісім бойынша (келісім-шарттар мен гранттарды беру жөніндегі рәсімді қоса алғанда) бөлінген Қоғамдастықтардың қаражатын пайдалану жөнінде жергілікті жерлерде құжаттамалық тексерістер, сондай-ақ қажет болған жағдайда шоттарға қосымша құжаттар мен бухгалтерлік құжаттар немесе жобаны/бағдарламаны қаржыландыруға қатысты басқа да кез келген құжаттар негізінде келісімнің бар мерзімі және соңғы төлемнің күнінен кейін жеті жыл ішінде толық аудит жүргізу мүмкіндігімен келіседі.

15.2 Бенефициар, сондай-ақ СЖҚКЕБ-ның жергілікті жерлерде Қоғамдастықтардың заңнамасында жазылған рәсімдерге сәйкес алаяқтық пен бұзушылықтарға қатысты Еуропалық Қоғамдастықтардың қаржылық мүддесін қорғау үшін тексерістер мен бақылау жүргізуі мүмкін екендігімен келіседі.

15.3 Осы мақсатта Бенефициар Комиссияның, СЖҚКЕБ-ның және Еуропалық

Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының ресми өкілдеріне және олардың уәкілетті агенттеріне компьютерлік жүйелерді, сондай-ақ осы іс-шараларды техникалық және қаржылық басқаруға қатысты кез келген құжаттамалық және компьютерлендірілген деректерді қоса алғанда, қаржылық келісім бойынша қаржыландырылған іс-шаралар өткізілген орындар мен үй-жайларға қол жеткізуді қамтамасыз етуге және осы жұмыстарды жеделдету үшін барлық ықтимал шараларды қабылдауға міндеттенеді. Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасының уәкілетті агенттері үшін қол жеткізу үшінші тарапқа қатысты қатаң құпиялылықты сақтай отырып, мемлекеттік құқықтық міндеттемелерге зиян тигізбей берілу тиіс. Құжаттар қол жетімді және оларды қолайлы инспекциялауды қамтамасыз ететін тәртіпте тігілуі қажет және Бенефициар Комиссияға СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасына олардың нақты орналасқан жері туралы хабарлауы тиіс.

15.4 Жоғарыда сипатталған тексерістер мен аудит Қоғамдастықтардың қаржыландыруын алатын мердігерлер мен қосалқы мердігерлерге қатысты да қ о л д а н ы л у ы т и і с .

15.5 Бенефициарды жергілікті жерлерде тексерістер жүргізу үшін тағайындалған Комиссия, СЖҚКЕБ мен Еуропалық Қоғамдастықтардың Есеп Палатасы агенттерінің келетіні туралы хабардар ететін болады.

16-БАП - КОМИССИЯ МЕН БЕНЕФИЦИАР АРАСЫНДАҒЫ КОНСУЛЬТАЦИЯЛАР

16.1 Бенефициар мен Комиссия қаржылық келісімнің баптарын іске асыру немесе түсіндіру туралы даулы мәселелер туындағанға дейін бірі-біріне консультация беру қ а ж е т .

16.2 Бұл консультациялар қаржылық келісімнің өзгеруіне, тоқтата тұруға немесе тоқтатылуына алып келу мүмкін.

17-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТҮЗЕТУ

17.1 Арнайы шарттарға және қаржылық келісімнің 2 қосымшасына енгізілетін кез келген түзетулер жазбаша түрде енгізілуі және қосымшада ресімделуі тиіс.

17.2 Егер түзетуге сұрауды Бенефициар жасаса, онда ол Комиссияға Алушының уақтылы негіздемелері болған және Комиссия мақұлдаған жағдайларды қоспағанда, осы түзетудің болжам бойынша күшіне енуіне дейін кем дегенде үш ай бұрын сұрау с а л у т и і с .

17.3 Іске асырудың практикалық кезеңі мен қорытынды кезеңін ұзартудың ерекше жағдайлары аталған Жалпы шарттардың 4(5) және (6)-баптарында баяндалған.

18-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ ТОҚТАТА ТҰРУ

18.1 Қаржылық келісім мынадай жағдайларда тоқтатыла тұруы мүмкін:

(а) егер Алушы осы келісім бойынша міндеттемелерді бұзған жағдайда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(б) егер Бенефициар адам құқығына, демократиялық қағидаттарға қатысты

міндеттемелер мен заң нормаларын бұзған жағдайда, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа жол берілген жағдайларда, Комиссия қаржылық келісімнің қолданысын тоқтата тұруы мүмкін.

(в) Қаржылық келісім төменде көзделген форс-мажор жағдайында тоқтатыла тұруы мүмкін. "Форс-мажор" дегеніміз тараптардың біреуіне өз міндеттемелерін орындауға кедергі жасайтын, және ол тараптардың (немесе мердігерлердің, агенттер мен жұмыскерлердің) қателігіне немесе ұқыпсыздықпен қарағанына байланысты емес кез келген күтпеген және айрықша ахуалды немесе оқиғаны білдіреді, және де ол барлық салған күштерге қарамастан, еңсерілмейтін болып табылады. Жабдықтар мен материалдардағы ақаулары немесе оларды орнатуды кешіктіру, еңбек ұжымындағы даулар, ереуілдер немесе қаржылық қиындықтар форс-мажор ретінде пайдаланылмайды. Тарапқа міндеттемелерін орындауға форс-мажорлық жағдай кедергі болған кезде, оларды бұзғаны жөнінде талаптар қойылмайды. Форс-мажорға ұшыраған тарап ол туралы ықтимал ұзақтығы мен болжамды тигізетін әсерін сипаттай отырып, екінші тарапқа дереу хабарлау, сондай-ақ ықтимал залалды азайту үшін барлық шараларды қабылдауы қажет.

18.2 Тоқтата тұру шешімі туралы алдын ала хабарлама берілмейді.

18.3 Тоқтата тұру туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

19-БАП - ҚАРЖЫЛЫҚ КЕЛІСІМДІ БҰЗУ

19.1 Егер қаржылық келісімді тоқтата тұруға әкелген мәселелер ең жоғары кезең, төрт ай ішінде шешілмесе, қаржылық келісімді тоқтату туралы екінші тарапқа екі ай бұрын хабарлап, кез-келген тарап оны тоқтатуы мүмкін.

19.2 Егер қаржылық келісімге қол қойылғаннан кейін үш жыл ішінде қандай да бір төлемдер жүргізілмесе немесе Арнайы шарттардың 5-бабында көрсетілген күнге оны іске асыру жөнінде келісім-шарттарға қол қойылмаса, қаржылық келісімнің қолданысы автоматты түрде тоқтатылады.

19.3 Тоқтату туралы хабарлама болған жағдайда ағымдағы келісім-шарттарға немесе қол қойылуға тиіс келісім-шарттарға оның салдарын белгілеу қажет.

20-БАП - ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

20.1 Аталған Жалпы шарттардың 16-бабында баяндалған тараптар арасындағы консультациялардың алты ай ішінде шешілуі мүмкін емес қаржылық келісімге қатысты кез-келген пікірсайыс бір тараптың сұрауы бойынша арбитражда қаралуы мүмкін.

20.2 Бұл жағдайда, әрбір тарап арбитражды жүргізуге арналған сұраудан кейін 30 күннің ішінде арбитрді тағайындауы қажет. Қажет болған жағдайда, тараптардың біреуі екінші арбитрді тағайындау жөніндегі өтінішімен Тұрақты арбитраж сотының Гаагадағы Бас хатшысына өтініш жасауы мүмкін. Өз кезегінде, екі арбитр 30 күннің ішінде үшінші арбитрді тағайындайды. Қажет болған жағдайда, кез-келген тараптың біреуі Тұрақты арбитраж сотының Бас хатшысына үшінші арбитр тағайындау жөнінде

ө т і н і ш ж а с а у ы м ү м к і н .

20.3 Егер арбитрлар басқа шешім қабылдамаса, онда Тұрақты арбитраж сотының Халықаралық ұйымдарды тарта отырып арбитражды жүргізудің факультативтік ережелері бойынша рәсімдер пайдаланылады. Арбитрлардың шешімдері үш айдың ішінде басым дауыспен қабылдануы тиіс.

20.4 Тараптардың әрқайсысы арбитрлардың шешімдерін орындау үшін қажетті шаралар қабылдауға міндетті.

ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН БАСҚАРУ ЖОБАЛАРЫНА АРНАЛҒАН ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

Бенефициар: Қазақстан Республикасы

**Атауы: ТАСИС-тің Орталық Азия бойынша 2005 жылға
арналған іс-әрекет бағдарламалары (бағыт 1:
өңірлік құраушы)**

Жоба N 2005/017-611

2-ҚОСЫМША - ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

Құны және қаржыландыру

Бағдарлама 15 миллион еуро мөлшерінде Қоғамдастықтың гранты бойынша қаржыландырылатын болады, ол түрлі қызмет салалары бойынша былайша бөлінді:

| N 1 БАҒЫТ: Өңірлік ынтымақтастық | Бюджет |
|---|---|
| (млн.еуро) Әділ сот және құқық тәртібі/есірткімен күрес | |
| 5 0 0 0 | 0 0 0 |
| 1 Орталық Азияда есірткімен күрес жөніндегі бағдарлама (КАДАП 4) - Орталық Азияда есірткімен күрес жөніндегі басқару және Есірткілерді қолдану мониторингі жүйесі | 5 000 000 |
| 0 0 0 | Қоршаған орта 3 000 |
| 2 Орталық Азияның Өңірлік Экологиялық Орталығына (ОАӨЭО) қолдау көрсету | 1 500 000 |
| аумақтарында Памир-Алтай трансшекаралық қорығын (РАТСА) құруды қолдау | 3 Қырғызстан мен Тәжікстанның 1 500 000 |
| К ө л і к | 2 000 000 |
| 4 Ақтауда портты дамыту, Ақтау порты үшін бас жоспар мен техникалық-экономикалық негіздер әзірлеу (ҚР) | 2 000 000 |

Энергетика **5 000 000**
 5 Орталық Азияда өңірлік экономикалық
 ынтымақтастықты нығайту 5 000 000

ЖАЛПЫ ГРАНТ **15 000 000**

ЕК барлық салымы бойынша барлық төлемдерді Комиссия жүргізетін болады.

Бағдарламаны орындау

Іс-әрекет бағдарламасы мынадай элементтерге сәйкес іске асырылатын болады:
 Жобаларды іске асыру орталықтандырылып жүргізіледі, сондықтан Еуропа Комиссиясы жалдаушы орган болады.

2.1. Есептілік

Жобаларды іске асыру жөніндегі есептерді ЕК стандартты форматына сай және ЕК бақылауымен тендерді жеңіп алған мердігерлер ұсынатын болады.

2.2. Мониторинг, бағалау және аудиттер

Мониторинг, бағалау және аудиттер қоса беріліп отырған жобалардың қысқаша сипаттамасына сәйкес жүргізілетін болады.

3. Мемлекеттік міндеттемелер. Шарттар.

Көмек жәрдем көрсетудің бүкіл мерзімі ішінде ынтымақтастықты жалғастыруды шарттайтын міндетті элементтер болған кезде жүзеге асырылады, атап айтқанда демократия қағидаттары мен адам құқықтарын, сондай-ақ Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімде белгіленген міндеттемелерді сақтауға қатысты

1 - ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

| | | | |
|---------------------|---|--------|----------------------|
| Атауы | <i>КАДАП 4 (DAMOS+ CADO)1</i> | | |
| Жалпы құны | <i>5 000 000 еуро (ЕК салымы)</i> | | |
| Көмек көрсету әдісі | <i>Жобалау көзқарасы - орталықтандырылған басқару</i> | | |
| Код-DAC | 16361 | Сектор | Есірткілерді бақылау |

¹ Central-Asia Drug Action Programme CADAP (КАДАП)
 Орталық Азияда есірткімен күрес жөніндегі бағдарлама

1. НЕГІЗДЕМЕ

1.1. Стратегиялық шеңберлер. Есірткілерді заңсыз тасымалдау және есірткілерді қолданудың алдын алу ТАСИС-тің Орталық Азия бойынша 2005-2006 жылдарға арналған Индикативтік Бағдарламасында ерекше назар аударылған басты бағыттардың бірі болып табылады, оның атауы мынадай:

"1-бағыт: Өңірлік ынтымақтастық Бағдарламалары", ол ұйымдасқан қылмысқа қарсы күреске, атап айтқанда халықаралық ынтымақтастықты нығайту арқылы

есірткімен күресуге үлкен мән береді.

1.2. Алынған сабақтар. КАДАП 1, 2 және 3 бағдарламасы Орталық Азия елдері үкіметтерінің жоғары бағасын алған есірткілерді бақылауға көмек көрсетуді қамтамасыз ете отырып Орталық Азияда 2002 жылдан бастап іске асырылады. Өңірлік көзқарас байланысты қамтамасыз етеді және бес Орталық Азия елдерінің рәсімдерін үйлестіруге ықпал етеді. Ұлттық деңгейде іске асыру әрбір жеке елдің ерекшелікті мұқтаждары мен талаптарына бейімделуге мүмкіндік береді. КАДАП 4 бағдарламасының басымдықтары донорларды үйлестіру, Еуропа Комиссиясының жәрдемдесуінің көрінісін институционалдық дамыту және қамтамасыз ету болып табылады. КАДАП бағдарламасы шеңберінде ұсынылған сарапшыларға қатысты бұрын алынған сабақтар, жабдықтар мен тренингтер ескерілді. Бағдарламаны іске асыру үшін білікті қысқа мерзімді сарапшыларды іздеу проблемасы анықталды. Сондықтан КАДАП қысқа мерзімді сарапшылардың желісін кеңейтеді және ұзақ мерзімді сарапшылардың санын арттырады: Қырғызстандағы біреуден Тәжікстан мен Өзбекстандағы екі сарапшыға дейін. Бенефициар-елдерде өткізілген тренингтер Еуропада өткізілген тренингтермен салыстырғанда өз тиімділігін дәлелдеді. Қиындық тренингтен кейін қажетті сапада жұмыс істеуді жалғастыратын шетелдегі тренингтерге адамдарды дұрыс таңдай білуде. Салыстырмалы қарапайым және өте күрделі емес жабдықтарды қамтамасыз ету анағұрлым тиімділікті дәлелдеді, өйткені үкімет жабдықтарды қамтамасыз етуде, пайдалануда және жабдықтарды пайдалану үшін жаңа қызметкерлер даярлауда қиындыққа ұшырап отыр.

1.3. Іс-әрекеттің қосымша шаралары . КАДАП 4 КАДАП бағдарламасының сатыларының жалғасы болып табылады.

А) DAMOS (Drug Action Monitoring System), есірткі пайдалану жөніндегі Мониторингтік Жүйе жобаның үшінші сатысы болып табылады, оның мақсаты өңірдің Денсаулық сақтау министрлігінде Есірткілерді Қолданудың Мониторингтік Жүйесін құру болып табылады. Алдыңғы екі сатысы (КАДАП 1 және КАДАП 2) есірткілер жөніндегі ақпаратты беру жөніндегі байланыс орталықтары мен желілерін құруды қ о л д а д ы ;

Б) CADO атап айтқанда КАДАП 2 бағдарламасы қаржыландыратын Police Drug Intelligence Systems (POLINT) жөніндегі жобаны толықтыратын болады. POLINT мақсаты бастысы зияткерлік жүйелерге (Intelligence Systems) оқыту болды және БҰҰ есірткілер мен қылмыстар жөніндегі Комитетінің (UNODC) F43 жобасымен ынтымақтастықта жүзеге асырылды. Бұл сондай-ақ КАДАП 3 толықтырады, оның мақсаты БОМКА бағдарламасының жобаларымен бірлесіп шекараларда есірткінің айналымын бақылау мүмкіндігін жеңілдету.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

КАДАП - есірткімен күрес жөніндегі бағдарлама, оның қызметінің аясы Еуропа елдерінің есірткіні бақылау жөніндегі көмекті жүзеге асыру үшін күшін тиімді біріктіруге мүмкіндік береді. Іс-әрекеттерді үйлестіру бағдарламаның орталық элементі болып табылады. Донорлық көмекті үйлестіру КАДАП-БОМКА бағдарламасы шеңберінде құрылған ЕО мүше елдер Консорциумы арқылы, сондай-ақ осы бағдарламалармен ұйымдастырылатын және қаржыландырылатын донорлардың тұрақты кездесулері арқылы және БҰҰ есірткілер мен қылмыстар жөніндегі Комитетімен (UNODC) бірлесіп "көмек матрицасын" құру арқылы жүзеге асырылады. Басқа донорлармен, әсіресе АҚШ-пен және Ресеймен, сондай-ақ осы салада жұмыс істейтін басқа да ұйымдармен әріптестік-ынтымақтастық орнатылды.

2. Өңірлік контекст

2.1. Бенефициар-елдің ынтымақтастық саясаты

Ауғанстан героинді дүниежүзілік өндіруші болып табылады, ауған героинінің үшінші бөлігі Ресейде және Шығыс Еуропада қолданылады, олар бұл елдерге Орталық Азия арқылы өтетін бағыттар бойынша келеді. Героин тасымалының негізгі салдары - өңірде есірткі пайдаланудың өсуі. Есірткіні көп пайдалану халықтың денсаулығына күрделі теріс залалдарын тигізеді (ЖҚТБ, туберкулез және т.с.с.), туудың төмендеуі, ол экономиканың тұрақсыздануына апарады және сыбайлас жемқорлықтың таралуына ықпал етеді. Өңірдің билік органдары есірткінің таралуының алдын алу проблемаларын шешу шаралары бірқатар себептер бойынша нәтиже бермеді: қаржы, қаражатының жетіспеуі, көнерген іс-тәжірибе, қазіргі заманғы технологиялар мен өңірлік ынтымақтастықтың болмауы, ол тиімді алдын алу және тыйым салу шараларын жүзеге асыруға қиындық туғызады.

2.2. Секторлық контекст

А) Құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету

ЕО тәжірибесі көрсетіп отырғандай, есірткі тасымалына қарсы тұру үшін деректерді жинау мен талдаудың жақсы ұйымдастырылған жүйесі, сондай-ақ барлық құзыретті құқық қорғау органдары мен агенттіктерді үйлестіретін орталық есірткіге қарсы бөлімше талап етіледі. Қазіргі сәтте өңір елдерінде осы қатынаста жетімсіздік бар, нәтижесі есірткіні тиімді, үйлестірілген бақылау жүргізудің және есірткімен күресу үшін стратегия әзірлеудің шектеулі мүмкіндігі.

В) Есірткіден тәуелділіктің алдын алу, оның мониторингі және емдеу :

Өңірдің барлық елдері есірткіні пайдаланудың өсіп отырғандығын айтады. Опиум мен героин басымдыққа ие болып отыр, сондай-ақ басқа қоспалары да пайдаланылады: седативтік құралдар, галлюциногендер, демалу кезінде қолданылатын құралдар. Халықтың денсаулығына теріс әсер етуіне қарамастан есірткіні көп пайдалану ауқымы

көп бөлікте белгісіз болып қалып отыр. Ахуалды жақсы түсіну (есірткіні көп пайдалану) денсаулық сақтау қызметтеріне қажетті алдын алу шараларын және емдеу бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Еуропа мен Орталық Азия арасында тәжірибе алмасу қажеттілігі бар: Еуропа осыған ұқсас проблемамен күресіп келеді және осы үшін Еуропа Есірткіні және есірткіні пайдаланудың Мониторингтік Орталығының (EMCDDA) қолдауымен есірткіге байланысты проблемаларды ұлттық бақылаушылар желісін (REITOX) құрды.

3 . С и п а т т а м а с ы

3 . 1 . М а қ с а т т а р ы

КАДАП бағдарламасының жалпы мақсаты есірткіні тасымалдаудың және есірткіні қолданудың алдын алу үшін Орталық Азияда институттарды нығайту. КАДАП 4 бағдарламасының ерекше мақсаттары:

А) (CADO) - орталық азия елдерінің әрқайсысында тренингтер жүргізу және жабдықтар жеткізу арқылы құқық қорғау органдары мен тиісті Министрліктерде есірткімен күрес жөніндегі департаменттерді нығайту; тиісті құқық қорғау органдарында есірткімен күрес жөніндегі департаменттердің басқару мүмкіндіктері туралы деректер мен ақпаратты жинауды жақсарту; олардың әрқайсысында ведомствоаралық және халықаралық ынтымақтастық пен ақпарат алмасу үшін байланысу орталықтарын (Focal point) құру.

Б) (DAMOS) Орта азия елдерінің әрқайсысында Денсаулық сақтау министрліктерінде есірткіні қолдану туралы деректерді жинау және талдау үшін эпидемиология департаменттері мүмкіндіктерін нығайту; есірткіні қолданумен күреске арналған ұлттық стратегияларды әзірлеу; есірткіні қолданудың алдын алуға арналған пилоттық жобаларды қаржыландыру.

3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет түрлері

3 . 2 . 1 . Н ә т и ж е л е р

- ЕО алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сәйкес есірткімен күрес жөніндегі департаменттерді нығайту;
- есірткінің тасымалы жөніндегі деректерді жинау, талдау және есептілікті жақсарту ;
- Жеке алынған ұйымның ішінде ынтымақтастықты жақсарту, ведомствоаралық, өңірлік және халықаралық ынтымақтастықты жақсарту;
- Эпидемиология департаменттерінің жұмысын жақсарту (Денсаулық сақтау министрліктері) және есірткінің зияны туралы талдау мүмкіндіктерін жақсарту
- үкіметтердің есірткі проблемаларын жақсы түсінуі.

3.2.2. Қызметі

- Қажеттіліктерді бағалау;
- Тренингтер жүргізу және жабдықтар жеткізу;
- Тәжірибе алмасу үшін өңірлік семинарлар мен оқу сапарларын ұйымдастыру;
- Өңірлік ынтымақтастық желілерін құру және дамыту;
- Есірткінің таралуының алдын алу жөніндегі ұлттық стратегияларды әзірлеу және бақылау;
- Ұлттық стратегияларда ерекшелікті сегменттерді (пилоттық жобаларды) іске асыру.

3.3. Мүдделі тарапта

CADO үшін басты мүдделі тарап - қарамағына есірткімен күрес жөніндегі орталық бөлімше кіретін министрлік. Басқа маңызды мүдделі тараптар: полиция мен есірткі транзитіне қарсы күресетін құқық қорғау органдары, олар да есірткімен күрес жөніндегі орталық бөлімшемен байланыста болуы тиіс.

DAMOS үшін басты мүдделі тарап Денсаулық сақтау министрлігінің Эпидемиология департаменті, ол да мынадай: Білім беру министрлігі, үкіметтік емес ұйымдар сияқты басқа мүдделі тараптармен ынтымақтасуы тиіс.

Барлық уәкілетті үкіметтік департаменттер арасында ынтымақтастық есірткіні бақылау жөніндегі ведомствоаралық комитет арқылы жүзеге асырылуы тиіс.

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

ЕО алдыңғы қатарлы тәжірибесіне сәйкес есірткімен күрес жөніндегі департаментті қалыптастыру бойынша ұсыныстарды бенефициарлар мақұлдайды деп ұйғарылады. Денсаулық сақтау министрлігі жұқпалы ауруларды емдеу департаментінде есірткінің таралуына қарсы күрес үшін қосымша нақты мүмкіндіктерді алуға келіседі деп ұйғарылады. CADAP 4 пен DAMOS табысын қамтамасыз ету үшін барлық мүдделі тұлғалардың жобаның мақсаттарын орындауға тартылуы және мақсатты бағыт алуы өте маңызды. Егер үкімет пен қатысатын басқа институттар ресурстардың жетіспеуі немесе саяси жағдайды өзгерту себепті өз міндеттемелерін тоқтатқан жағдайда ықтимал тәуекелдер.

3.5. Қажетті шарттар

КАДАП 4 құрауышын іске асыру үшін ұлттық деңгейде биліктің КАДАП 4 бағдарламасын мақұлдауы және саяси қолдауы талап етіледі.

3.6. Сабақтас мәселелер

Жобаның мақсаттары мен қызметі Орталық Азияның барлық бес елінде тиімді мемлекеттік басқару мен адам құқықтарына байланысты ахуалды жақсартуға өз үлесін қосады.

4. Іске асыру мәселелері

1.4. Іске асыру әдісі

Орталық Азия бойынша іс-әрекеттің 2005 жылға арналған бағдарламасы шеңберінде 1 БАҒЫТТАР құрауышы қамтитын іс-әрекет салалары бойынша Қаржы Келісіміне бенефициар елдер үкіметтерінің қол қоюы жолымен орталықтандырылған б а с қ а р у .

Іске асыру салым салу туралы стандартты келісімге қол қою жолымен (міндетті бірлесіп қаржыландыру) жүзеге асырылатын болады.

CADAP БҰҰ Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) бойынша Орталық Азияның әрбір елінде офистер арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламаны басқару жөніндегі офисті (РМО) Еуропа Сарапшылары (Техникалық көмек жөніндегі аға кеңесші) тұрақты қолдайды және жабдықтайды, ол 2004 жылғы наурызда ЕК Қазақстан Республикасындағы, Тәжікстан мен Қырғызстандағы Өкілдігімен тығыз ынтымақтастықта бағдарламаны іске асыруды үйлестіру және қолдау, сондай-ақ ЕО туралы ақпараттылықты арттыру мақсатында құрылды.

ЕК БҰҰДБ-пен WOMSA және CADAP бағдарламаларын іске асыру жөнінде мынадай себептермен келісім-шарт жасасуды шешті: (1) БҰҰДБ аккредиттелген және Орталық Азияның барлық елдерінде әрекет етеді, ол көмек көрсету мәселелері бойынша жалпы көмек көрсетуге қатысты ЕО/ЕК мүше елдердің қызметін бейтарап әкімшілік қолдауды көрсете алады. 2) БҰҰДБ-ның өңірлік сауда-саттықты және тасымалдау жөніндегі бастаманы, сондай-ақ шекаралас өңірлерге жәрдем көрсетуді қоса алғанда бағдарламалардың жалпы мақсаттарын іске асыруға арналған көмекті толықтыру бағдарламаларын дамыту және әзірлеу саласында үлкен тәжірибесі бар. БҰҰДБ ЕК-ның WOMSA және CADAP бағдарламалары бойынша шығыстардың 10%-ын өз мойнына алады. (3) БҰҰДБ шекаралардың, UNODC, IOM және UNHCR қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды басқару саласында көмек көрсететін БҰҰ жүйесінің басқа агенттіктері үшін операциялық қолшатыр ретінде әрекет етеді.

1.5. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

| Бюджеттің баптары | ОЕ салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/төлемді жүзеге асыратын орган |
|---------------------------|----------------|---------------------------------|------------------------------|--|
| 1. Гранттар | | | | ЕК |
| 4.1. Жарна туралы келісім | 5 000 000 еуро | 0 | БҰҰДБ бірлесіп қаржыландыруы | ЕК |
| Жиыны | | | | ЕК |

Жұмыстардың ұзақтығы Қаржы Келісіміне қол қойылған күннен бастап 36 айды құрайды.

1.6. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтке әрекет ететін Комиссия сыртқы операцияларды іске асыру үшін белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандарттық құжаттарға сәйкес жасалуы және іске асырылуы тиіс.

Бағдарламаның бүкіл сметасы Комиссия белгілеген және бағдарламаның тиісті сметасын қабылдау сәтіне әрекет ететін рәсімдер мен стандарттық құжаттарға жауап беруі тиіс.

1.7. Мониторингті жүргізу

Комиссияның міндеттерінің бірі тұрақты процесс ретінде тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады. Сыртқы әсер ету мониторингін, сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

Прогрессті бағалау үшін негізгі индикаторлар жоба бойынша жұмыстардың басталу сатысында аяқталатын болады.

1.8. Бағалау және аудит

Іріктеп алынған мердігерлермен келісім-шарт келісімдерінің ажыратылмас бөлігі бағалау (орта мерзімді, ақтық және келесі), сондай-ақ аудит туралы келісім болып табылады. Сыртқы бағалау мен аудитті, сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

Қ о с ы м ш а л а р

- ЛОГИКАЛЫҚ ШЕҢБЕРЛЕР

1 жобаның логикалық шеңберлері (ОА бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Орталық Азияда есірткіге қарсы күрес жөніндегі бағдарлама (CADAP) ¹

¹ Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар жоба бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде анықталатын болады

| Араласу логикасы | Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар/жетістіктер көрсеткіші | Бақылау көздері | Жол берулер мен тәуекелдер |
|------------------------------------|---|-----------------|----------------------------|
| Орталық Азияда (ОА) нашақорлық пен | Нақты цифрларда көрсетілген Орта | - Статистика | - Саяси еріктік |

| | | | | |
|--------------------------|--|---|--|---|
| Жалпы мақсаты : | есірткінің - заңсыз айналымын жою | Азиядағы нашақорлық пен есірткінің заңсыз айналымын қысқарту | - Құқықтық және басқа да ресми құжаттар Үкіметтің есептері | - Тиісті ведомствоараллық ынтымақтастық |
| Жобаның мақсаты : | <p>-(CADO) ОА 5 елінің полиция ведомстволарында есірткіге қарсы күрес жөніндегі бөлімдерді құру және нығайту</p> <p>- Денсаулық сақтау министрліктерінде эпидемиологиялық бөлімшелер құру (DAMOS) және алдын алу жұмысы стратегиясын күшейту</p> | <p>- Полиция ведомстволарында есірткіге қарсы күрес жөнінде құрылған бөлімдер</p> <p>- Есірткіге қарсы күрес жөніндегі операциялар санының артуы</p> <p>- Қолға түскен есірткілердің санының артуы</p> <p>- Денсаулық сақтау министрлігінде құрылған эпидемиологиялық бөлімшелер</p> | <p>- Тиісті мекемелердің қызметі бойынша есептілік бар жыл сайынғы құжаттар</p> <p>- қол жеткізілген прогресстер туралы сарапшылардың есептері</p> | - Ведомствоараллық ынтымақтастық |
| Нәтижелері: | <p>- (CADO) полиция мен есірткіге қарсы күрес жөніндегі бөлімдерді оқыту және оларға жабдыктар беру;</p> <p>- (CADO) деректерді жинау және ақпаратты басқару жөніндегі жұмыстарды жақсарту;</p> <p>- (CADO) Негізгі тармақтар әрекет етеді;</p> <p>- Ұлттық және халықаралық деңгейлерде операциялық деректер алмасуды арттыру;</p> <p>- (CADO) Денсаулық сақтау министрліктерін оқыту және оларға жабдыктар беру;</p> <p>- (CADO) деректерді жинау және талдау жөніндегі жұмыстарды жақсарту;</p> <p>-(CADO) есірткілердің таратылуын болдырмау жөніндегі инновациялық пилотты жобаларды іске асыру және бағалау;</p> | <p>- Есірткіге байланысты, полиция мен есірткіге қарсы күрес жөніндегі бөлімдер тексерген істердің саны;</p> <p>- Полиция мен Интерполдың есірткіге қарсы күрес жөніндегі жергілікті бөлімдері арасында ақпарат алмасудың көлемі;</p> <p>- Негізгі тармақтармен жасалған келісімдер;</p> <p>- Есірткінің таралуына қарсы күрес жөніндегі бөлімді құру;</p> <p>- Наркоманияны жою жөніндегі жаңа стратегия</p> | | |
| | - (DAMOS және CADO) жобаларының екі басшысын және | | | |

| | | | | |
|-----------------------------|---|--|--|---|
| <p>Қызмет саласы</p> | <p>жобалардың жергілікті менеджерлерін анықтау;</p> <p>- а) мұқтаждықтарды анықтау және елдердің тиісті нақты мұқтаждықтарына жобаларды өзгерту үшін мұқтаждықтарды бағалауды ұйымдастыру және оны іске асыру;</p> <p>- Жабдықтарды сатып алу және жеткізу;</p> <p>- Оқу өткізу;</p> <p>- Ішкі істер және Денсаулық сақтау министрліктеріне ағымдағы техникалық көмек көрсету;</p> <p>- Пилоттық алдын алу жобаларын анықтау және оны іске асыру;</p> <p>- Өңірлік және халықаралық семинарлар мен оқу сапарларын ұйымдастыру</p> | <p>- Жобалардың екі басшысын жалға алу;</p> <p>- Бағамен есеп;</p> <p>- Оқудан өткен адамдардың саны;</p> <p>- Семинарлар мен оқу сапарларына қатысушылардың саны;</p> <p>- Берілген жабдықтардың түрі;</p> <p>- Есірткілердің айналымын тексеру жөніндегі есептер;</p> <p>- Есірткілер бойынша е с е п ;</p> <p>- Пилоттық алдын алу жобаларының саны</p> | | <p>- Көрсетілетін көмекті қабылдау қабілеті</p> <p>- дайындалған персоналдың жеткілікті санын бөліп көрсету қажет</p> |
|-----------------------------|---|--|--|---|

2 - ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

| | | | |
|---------------------|--|--------|----------|
| Атауы | <i>Орталық Азияның Өңірлік Экологиялық Орталығына (ОАӨЭО) қолдау көрсету</i> | | |
| Жалпы құны | <i>1 500 000 еуро (ЕК салымы)</i> | | |
| Көмек көрсету әдісі | <i>Жобалау көзқарасы - орталықтандырылған басқару</i> | | |
| Код-DAC | 41010 | Сектор | Экология |

1. НЕГІЗДЕМЕ

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Жоба ТАСИС-тің Орталық Азия бойынша 2005-2006 жылдарға арналған Индикативтік жоспарына сәйкес келеді, ол жақында басталған Орталық Азия - ЕО Саяси диалогы арқылы іске асырылатын ЕО көмегінің негізгі мақсаты ретінде Орталық Азия елдері арасында ынтымақтастықты бекітуді анықтайды. Осының контекстінде қоршаған орта ЕО-тың өңірмен қарым-қатынастарын нығайту

басымдықтарының бірі ретінде танылды, 2006 жылдың бірінші жартысында ЕО - Орталық Азия министрлерінің Конференциясын жүргізу жоспарланады. ОАӨЭО қоғамның ақпараттылығын арттыру және азаматтық қоғамды экологиялық мәселелер жөніндегі мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесіне тарту саласында Орталық Азия (ОА) өңірінде маңызды ұйым деп танылады.

Орталық Азияда (ОАӨЭО) ОА елдерінің бастамасы бойынша Орхус Данияда болған төртінші паневроконференциясының шешімі бойынша негізі салынды. Ол Орталық және Шығыс Еуропада және жаңа тәуелсіз елдерде (Венгрия, Ресей, Грузия, Украина және Молдова) құрылған Өңірлік Экологиялық Орталықтардың (ӨЭО) прототипі болып табылады.

ОАӨЭО - бұл халықаралық сипаттағы тәуелсіз, коммерциялық емес және саяси емес ұйым ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелетін заңды тұлға.

ОАӨЭО қызметі ОА еркін ақпарат алмасуды, ҮЕҰ және басқа да мүдделі тараптарға көмек көрсетуді, осылайша Орталық Азияда демократиялық қоғамдардың одан әрі дамуына ықпал ете отырып қоғамның шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету үшін ҮЕҰ (қауымдастықтар), мемлекеттік органдар, кәсіпкерлер, жергілікті мемлекеттік органдар мен басқа да мүдделі тараптар арасында ұлттық және өңірлік деңгейде ОА-дағы экологиялық проблемаларды шешу кезінде ынтымақтастықты дамыту болып табылады.

1.2. Алынған сабақтар

Құрылған сәттен бастап ОАӨЭО Еуропа Комиссиясының қолдауын алды.

ОАӨЭО және басқа ӨЭО қызметін талдау ӨЭО желілерінің неғұрлым тығыз ынтымақтастығы қажеттілігін, ИСС тарапынан үлкен қолдау, жобаларды басқарудың корпоративтік стратегиясын үлкен қолдау, сондай-ақ басқа донорлардың жобалары арқылы шығыстарды жабу үшін үлкен күш қажеттілігін анықтады.

Іске асыру кезең басталғанға дейін 2006 жылға жоспарланған ЕО Министрлер Конференциясы - Орталық Азия экология мәселелері жөніндегі қорытындысын назарға ала отырып алдыңғы жобалардың нәтижелерін бағалы және ағымдағы жобаның мақсаттарын жақсы қамту үшін алдын ала қызмет жүргізілетін болады.

1.3. Қосымша іс-әрекет салалары

Жоба өткен жылдары табысты іске асырылған ЕК ОАӨЭО қолдаудың алдыңғы бағдарламаларының жалғасы болып табылады.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

ЕО жылдан жылға негізгі қолдауды ұсына (алайда оның барабарлығы азауы тиіс) және тұрақты қаржыландыруды қамтамасыз ете алады. Донорлардың екі жақты қорлардың аз сомасы бар және жобаларды қолдауға бағытталған. Алайда, ЕО қаржыландыруы мысалы, АҚШ, Германия мен Дания үкіметтерімен ынтымақтастық негізінде Өзбек экологиялық қоры, Сорос қоры тарапынан ОАӨЭО толықтырды.

Екі жақты донорлар ОАӨЭО өздерінің өңірлік бағдарламаларын қолдау үшін

пайдаланады; ӨЭО қатысты донорлардың ынтымақтастығы түрлі өңірлік және ғаламдық кездесулер негізінде өтеді. ЕАР Арнайы Тобының (Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы) отырыстарында, сондай-ақ Халықаралық Үйлестіру комитетінің алдағы кездесуінде ӨЭО ЕЕССА экологиялық стратегиясына үлесі талқыланды.

2. ӨҢІР БОЙЫНША КОНТЕКСТ

2.1. Бенефициар елдің ынтымақтастық саясаты

Қоршаған ортаны қорғау министрліктерімен және осымен тікелей, атап айтқанда өзендердің экожүйесі мен бассейндерін басқарудың біріктірілген жүйесін енгізуге, қоғам мен азаматтық қоғамның кең қатысуымен шешімдер қабылдауға құралдарды құруға және енгізуге бағытталған су ресурстарына жауап беретін басқа ведомстволардың басшыларымен ынтымақтастықта ОА экологиялық стратегияны дамыту және қолдау.

2.2. Секторлық контекст

Жоба экология мен су секторының мәселелеріне ерекше көңіл бөледі. Энергетикалық сектор, биотүрлілік және экологиялық және су мәселелеріне байланысты басқа да секторлар жобалау қызметінің бір бөлігі болып табылады және нақты жобалар арқылы қосымша қолдау алуы мүмкін. ОА қосалқы өңірінде таулы экожүйелерінің қызметін бағалау технологиясы ОАӨЭО қолдауымен әзірленді және су ресурстарын біріктірілген басқару әдісі енгізіледі.

3. СИПАТТАМАСЫ

3.1. Мақсаттары

Неғұрлым кең мақсаты ОА-ның бес елінде экология саласындағы қосалқы ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ қосалқы өңір мен өңірде азаматтық қоғамды дамытуды және тұрақты дамытуды қолдау болып табылады.

Жобаның нақты мақсаты ОАӨЭО нығайту және көптеген экологиялық бағдарламалар және даму бағдарламалары бойынша кәсіби әріптес ретінде, сондай-ақ қоғамның ақпараттығын арттыру және азаматтық қоғамның экологиялық мәселелер жөніндегі мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесінде қатысуын кеңейту үшін платформа ретінде ОА-ның 5 елінің арасында экологиялық ынтымақтастықты қолдау болып табылады.

3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет түрлері

Жұмыстарды іске асыру сатысы басталғанға дейін ОАӨЭО нақты функционалдык/ұйымдастыру/басқару мүмкіндіктерін сипаттау, сондай-ақ жобаның басымдықтарын жақсы анықтау және бюджетті бөлу үшін қызмет жүргізу қажет.

Индикативті жоба бойынша нәтижеге қол жеткізуге бағытталған мынадай құрауыштар әзірленуі тиіс.

3.2.1. ОАӨЭО өңірлік табиғи бағдарламаны нығайту үшін дамыту Мынадай

қызмет салалары көзделеді:

- ОАӨЭО үшін жобаны басқарудың корпоративтік жүйесін әзірлеу;
- Персоналдың басқару әлеуетін және кәсіби дағдыларын одан әрі дамыту және жақсарту; персоналды өз уақыты мен бюджетін толық есептеуге көшіру;
- ОАӨЭО құқықтық мәртебесін нығайту;
- шығындардың азаюына және ОАӨЭО тұрақтылығын арттыруға әкелуі мүмкін ОАӨЭО қызметінің стандартты рәсімдерін одан әрі әзірлеу;
- ОАӨЭО еңбек жағдайларын жақсарту, техникалық және телекоммуникациялық мүмкіндіктерін дамыту, ақпараттық технологияларды дамыту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
- ОА бастамасына және ЕО су бастамасына сәйкес экологиялық ұйымдармен әріптестікті дамыту, ӨЭО желісін нығайту;
- ОАӨЭО филиалдарының қызметін дамыту және олардың әлеуетін нығайту;
- Директорлар кеңесінің және Консультациялық Кеңестің қызметін қолдау.

3.2.2. ЕО - ОА министрлер конференциясының (Алматы, 2006 ж. мамыр) қорытындысы бойынша жұмыс және ОА тұрақты даму жөніндегі бастамасының жалғасын қоса алғанда ЕО-ОА экологиялық диалогын қолдау

- ЕО-ОА министрлер конференциясының (Алматы процесі) қорытындысы бойынша жұмыс топтарының кездесуі мен жұмысын ұйымдастыруды қолдау;
- ОА тұрақты дамыту мақсаттары бойынша Өңірлік келісімді әзірлеу. ОА мемлекеттік органдарының, жеке сектор мен ҮЕҰ, донорлар мен халықаралық ұйымдардың қатысуымен семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізу;
- ОА елдері мақұлдаған индикаторларды пайдалана отырып мақсатқа қол жеткізуде прогресс жөніндегі деректерді жинау және талдау. Мүдделі тараптармен талқылау үшін есеп, сондай-ақ болашаққа жоспарлауды әзірлеу;
- ОА елдері арасында ынтымақтастықты күшейту мақсатында қоршаған орта мен тұрақты дамыту жөніндегі халықаралық жиналыстар мен конференцияларға дайындалу және қатысу.

3.2.2. ҮЕҰ қосалқы өңірдегі қолдауы

Бұл тапсырма мынадай элементтерді қамтитын болады:

- ОА ҮЕҰ қажеттіліктерін талдауды жүргізу және ОА ҮЕҰ дерекқорын жаңарту;
- ОА ҮЕҰ жобаларын дамытуға және қаржыландыруға қолдау көрсету;
- Ұлттық экофорумдарды немесе қосалқы өңірлік эконоалицияны дамытуда ҮЕҰ арасындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсету.

3.2.4. Экологиялық ақпаратты тарату және қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге көмек
б е р у

Бұл тапсырма мынадай элементтерді қамтитын болады:

- Веб сайтты дамыту
- Дерекқорды дамыту

- К і т а п х а н а н ы д а м ы т у

- Ж а р и я л а н ы м д а р

- ТД бойынша экологиялық бағдарламаларды көрсету

- Бұқаралық ақпарат құралдары мен журналистерді қолдау

3.2.5. Экологиялық басқаруды және экологиялық іс-әрекеттердің жергілікті жоспарын (LEAP) қолдау

Бұл құрауыш мынадай іс-әрекет салаларын қамти алады:

- ОА экологиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдау және жергілікті деңгейде экологиялық басқаруды одан әрі нығайту үшін шаралар айқындаудың жергілікті тәжірибесін бағалау;

- Қосалқы өңірде жергілікті экологиялық саясат жөнінде тәжірибе алмасу және LEAP желісін және ОА мен басқа елдерде жергілікті экологиялық жоспарлаудың алдыңғы қатарлы тәжірибесін қолдау;

- Жергілікті экологиялық басқаруда азаматтық қоғам мен ҮЕҰ рөлін күшейту және жергілікті жерлерде экологиялық мәселелер бойынша шешім қабылдауда қоғамның қатысуын кеңейту үшін қызмет салаларын қолдау;

- Келесі іс-әрекеттерді әзірлеу және LEAP дамытуда ОАӨЭО рөлін күшейту.

3.2.6. Білім берудің экологиялық құрауышын жақсарту

ОАӨЭО ОА Экологиялық білім беру бағдарламасын (ЕЕ) мынадай қызмет түрлерін іске асыру жолымен іске асыруды қолдайды:

- ЕЕ мен ESD жалпы көзқарастары мен қағидаттарын қалыптастыру, ЕЕ заңнамасын әзірлеу тұрақты қарым-қатынастар, ақпарат алмасу, ОА елдерінде түрлі мүдделі тұлғаларда ЕЕ тәжірибесі;

- ЕЕ бойынша қоғамдық дерекқорды әзірлеу (сарапшылар, заңнама, әдістемелік және білім ресурстары);

- ОА елдерінде білім беру, ақпараттық, әдістемелік және оқыту орталықтары желісін қолдау; негізгі топтарға арналған оқытуды жүргізу негізінде ЕО бойынша үкіметтік органдардың, қоғам және ҮЕҰ біліктілігін арттыру; сондай-ақ мұғалімдердің білім беру деңгейін арттыру;

- Елдердің қалыпты білім беру жүйесіне қазіргі заманғы білім беру материалдарын - оқулықтарды, нұсқаулықтарды, ЕЕ мен ESD бойынша бейнематериалдарды әзірлеу және енгізу.

3.3. Мүдделі тұлғалар

Негізгі мүдделі тұлғалар мен бенефициарлар - бұл министрліктерді, ҮЕҰ, жергілікті билікті, білім беру мекемелерін қоса алғанда экологиялық ұйымдар. Қажеттілігіне қарай халықаралық ұйымдармен және басқа әріптестермен консультациялар жүргізілетін болады.

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

Тұрақтылық және белсенді қатысу:

ОАӨЭО тиімді және сенімді әріптес екендігін жария етті, ол тиісінше ЕО өз келісім-шарттарын орындады. Ол өзіне белсенді жергілікті құрауыш пен іргелі батыс құндылықтарын біріктірді.

Тәуекелді бағалау;

Бағдарламаның табысты іске асырылуы Алматы процесінің бір бөлігі де, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік секторларда экология саласында реформалар жүргізуде прогресте, сондай-ақ азаматтық қоғам мен демократияны қолдау ОА бес үкіметінің ЕО экология саласында ынтымақтастықты күшейту міндеттемелеріне байланысты.

3.5. Қажетті шарттар

ОАӨЭО қолдауы басқа донорлардың және жеке қаражаттың негізгі шығыстар мен бағдарламаларды бірлесіп қаржыландырудың қажетті шарты болып табылады.

3.6. Сабақтас мәселелер

Экологиялық тұрақтылық, тиімді мемлекеттік басқару және адам құқықтары.

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛІЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекет бағдарламасының шеңберінде БАҒЫТТАР 1 құраушы қамтитын іс-әрекеттер салалары бойынша бенефициар елдердің үкіметтері Қаржы Келісіміне қол қою жолымен орталықтандырылған басқару.

Іске асыруды ЕК Өкілдігі Алматы қаласында оның монополиялық жағдайын ескере отырып ОАӨЭО-мен грантты іске асыруға арналған келісім-шартқа қол қою жолымен іске асырады. ЕК ережелері мен қағидаттарына сәйкес ОАӨЭО ЕО жалпы мүдделері мен міндеттеріне жауап беретін мақсаттарды іске асырады, олар ЕО саясатының бір бөлігі болып табылады. Атап айтқанда, ЕК ОА-ның 5 елімен және БҰҰДЖ бірлесіп ОАӨЭО құруға тікелей ат салысты, оның Жарғысына қол қойды (<http://www.carec.kz/English/1About/charter.htm>), ол ОАӨЭО тәуелсіз, халықаралық сипаттағы коммерциялық емес және саяси емес ұйым ретінде анықтайды, оның негізгі қызметі үкіметтік емес ұйымдар (қауымдастықтар), мемлекеттік органдар, кәсіпкерлер, жергілікті мемлекеттік органдар мен басқа да мүдделі тараптар арасында экологиялық секторда ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ ЕО экологиялық стратегиясына жауап беретін қағидаттар мен стратегияларды дамыту болып табылады. ЕО-ОА экологиялық диалогын қолдауға арналған жұмыс бағдарламасын ОА-дан әріптестермен консультациялар негізінде Еуропа Комиссиясы әзірлейтін болады.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

| Бюджеттің баптары | ОЕ салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/төлемді жүзеге асыратын орган |
|---|----------------|---------------------------------|----------------|--|
| ОАӨЭО операцияларын іске асыруға арналған грант | 1 500 000 еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |

| | | | | |
|-------|--------------------|---------------|---------------|----|
| Жиыны | 15 000 000 еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
|-------|--------------------|---------------|---------------|----|

Жұмыстардың ұзақтығы Қаржылық келісімге қол қойылған күннен бастан көп дегенде 36 айды құрайды.

Индикативті, келісім-шарттың ұзақтығы 30 айды құрайды.

4.3. Сатып алу және гранттар беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға арналған барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтке әрекет ететін Комиссия сыртқы операцияларды іске асыру үшін белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандарттық құжаттарға сәйкес жасалуы және іске асырылуы тиіс.

Бағдарламаның бүкіл сметасы Комиссия белгілеген және бағдарламаның тиісті сметасын қабылдау сәтіне әрекет ететін рәсімдер мен стандарттық құжаттарға жауап беруі тиіс.

4.4. Мониторингті жүргізу

Комиссияның міндеттерінің бірі тұрақты процесс ретінде тұрақты мониторинг жүргізу болып табылады. Сыртқы әсер ету мониторингін, сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

4.5. Бағалау және аудит

ОАӨЭО-мен келісім-шарт келісімдерінің ажыратылмас бөлігі бағалау (орта мерзімді, ақтық және келесі), сондай-ақ аудит туралы келісім болып табылады.

Сыртқы бағалау мен аудитті сондай-ақ ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалдаған тәуелсіз консультанттар жүргізуі мүмкін.

Қ о с ы м ш а л а р

- ЛОГИКАЛЫҚ ШЕҢБЕРЛЕР

2 жобаның логикалық шеңберлері (ОА бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Орталық Азия Өңірлік Экологиялық Орталығына қолдау көрсету ¹

¹ Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар жоба бойынша жұмыстың бастапқы кезеңінде анықталатын болады

| | Араласу логикасы | Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар/ жетістіктер көрсеткіші | Бақылау көздері | Жол мен дер | берулер тәуекел |
|----------------|---|--|-----------------|-------------|-----------------|
| Жалпы мақсаты: | ОА бес елінде экология саласында субөңірлік ынтымақтастықты дамыту, | | | | |

| | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|
| | сондай-ақ азаматтық қоғамды дамыту мен субөңір мен өңірде тұрақты дамуды қолдау | | | |
| Жобаның мақсаты | РЭЦЦА нығайту және көптеген экологиялық бағдарламалар мен даму бағдарламалары бойынша кәсіби әріптес ретінде, сондай-ақ жұртшылықтың хабар алуын арттыру және экологиялық мәселелер бойынша мемлекеттік шешімдерді қабылдау процесінде азаматтық қоғамның қатысуын кеңейту платформасы ретінде ОА-ның 5 елі арасында экологиялық ынтымақтастықты қолдау жобаның нақты мақсаты болып табылады. | | | Жобаны табысты іске асыру ОА-ның бес үкіметінің Алматы процесінің бөлігі, сондай-ақ экономикалық және әлеуметтік секторларда экология саласында реформа жүргізу процесі ретінде экология саласында ЕО-мен ынтымақтастықты күшейту міндеттеріне байланысты, сондай-ақ азаматтық қоғамды және демократияны қолдау. |
| Нәтижелері : | а. Бағдарламаның өңірлік табиғатын нығайту үшін РЭЦЦА дамыту . б. ЕО-ОА министрлерінің конференциясының (Алматы, мамыр, 2006 ж.) қорытындылары және Тұрақты даму жөніндегі ОА бастамалары бойынша жұмысты жалғастыруды қоса алғанда, ЕО-ОА экологиялық сұхбатын қолдау . с. ҮЕҰ-ны экологиялық қолдау. d. Экологиялық ақпаратты тарату және қоғамдық ақпаратқа қол жеткізуге көмек. е. Экологиялық басқаруды және экологиялық іс-әрекеттердің жергілікті жоспарын (LEAP) қолдау Пайда болудың экологиялық құрамдауышын жақсарту | | | |
| Қызмет салалары | | | | |

3 - ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

| | | | |
|---------------------|---|--------|---------------|
| Атауы | <i>Қырғызстан мен Тәжікстанның аумағында Памир-Алтай трансшекаралық қорығын (РАТСА) құруға қолдау көрсету</i> | | |
| Жалпы құны | 1,5 миллион еуро ЕК (салымы) | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобалау көзқарасы - орталықтандырылған басқару | | |
| Код-ДАС | 41030 | Сектор | Қоршаған орта |

1. НЕГІЗДЕМЕ

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Жоба Орталық Азия (ОА) бойынша 2005-06 индикативтік бағдарламасына сәйкес іске асырылады, ол қоршаған орта саласында 1 бағыты бойынша арнайы мақсат ретінде ОА бойынша Өңірлік іс-әрекет экологиялық бағдарламасын (REAP) қолдауды анықтайды. REAP басымдықтарының бірі - бұл Орталық Азияда биоерекшелікті сақтау

1.2. Алынған сабақтар

Тасис Батыс Тянь-Шанда қорық құру жөніндегі басқа жоба бойынша қолдау көрсетті, ол ОА үш елін, Қазақстан Республикасын, Қырғызстан мен Тәжікстанды қ а м т ы д ы .

Жоба оған мониторинг жүргізген тұлғалар тарапынан оң баға мен сипаттама алып, табысты болды. Тиісті елдерге трансшекаралық қорық құру жөніндегі келісімнің өңірлік жобасын қағидаттық мақұлдауға қол жеткізілді және оған осы жылы қол қойылады деп күтілуде. Өңірлік ынтымақтастықты нығайту және жергілікті қоғамдастықты жергілікті қоршаған ортаны қорғауға белсенді тарту, сондай-ақ халыққа кіріс әкелетін қызмет саласын дамытуға қолдау көрсету трансшекаралас облыстарда биоерекшелікті сақтау үшін негіз болып есептелуі тиіс.

1.3. Қосымша әрекет ету салалары

Жақында ғана Тәжікстан мен Қырғызстан Орталық Азиядағы ірі қорғалатын трансшекаралық аудандардың бірі Памир-Алтай трансшекаралық қорығын (РАТСА) құруға қолдау көрсету өтінішін білдірді.

Тасис бағдарламасы бойынша техникалық көмек елдер олар бойынша өтінімдер берген Қоршаған ортаны қорғаудың ғаламдық бағдарламасы (GEF) тарапынан да қолдаумен толықтырылатын болады.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

Жоғарыда көрсетілген себеп бойынша донорлардың қызметін үйлестіру жүзеге асырылмайды.

2. ЕЛ (НЕМЕСЕ ӨҢІР) БОЙЫНША КОНТЕКСТ

2.1. Бенефициар-елдің ынтымақтастық саясаты

Орталық Азияның негізгі экологиялық проблемалары, атап айтқанда су ресурстарын басқару, климаттың өзгеруі, ормандарды жою, биоерекшеліктердің азаюы және қуаңшылық негізінен трансшекаралық сипатқа ие.

Таулы экожүйелерді сақтаудың өмірлік маңызы бар, өйткені Орталық азияның кейбір елдері таулы болып табылады. Айталық Қырғызстан мен Тәжікстанда таулар аумақтың 90%-ын құрайды және халықтың көпшілігі таулы жерлерде тұрады.

Рыноктық экономикаға көшуден туындаған экономикалық, саяси және әлеуметтік қиындықтар тау экожүйесін елеулі қозғады, өйткені қазіргі жағдайда жергілікті қоғамдастық таулардың табиғи ресурстарына өте тәуелді. Осылайша, бұл таулардың биоерекшеліктеріне күрделі қауіп төндіреді.

Қырғызстан да, Тәжікстан да Орталық Азияның таулы аудандарын тұрақты дамытудың өңірлік стратегиясын әзірлеуге белсенді қатысты. Ол АДБ қолдауымен әзірленді.

Оң сәті Қырғызстан мен Тәжікстан арасында РАТСА құру жөніндегі үкіметаралық келіссөздерді жақында ғана бастамашылық ету болып табылды.

РАТСА Биоерекшелік туралы конвенция, Рамзар Конвенциясы, Бон Конвенциясы, Дүниежүзілік мирас туралы ЮНЕСКО конвенциясы және Орхус Конвенциясы сияқты халықаралық конвенциялар бойынша екі елдің үкіметтері өздеріне алған міндеттемелерді іске асыру бағытында нақты қадам болар еді.

2.2. Секторлық контекст

РАТСА жалпы аумағы шамамен 2 миллион гектарды құрайды, оның 1,5 миллион гектары Тәжікстанда және 0,5 миллион гектары Қырғызстанда. Бұл ауқымды аумақ қазір жойылып кету қаупі төніп тұрған 120 жануарлардың эндемикалық түрін және өсімдіктердің 2 000 эндемикалық түрін қоса алғанда Памир-Алтай биоерекшелігінің ірі кешендері мен экожүйесін қамтиды. Бұл аудан 6 000 м асатын биіктікте орналасқан.

Бұл ауқымды екі аймақтың арасындағы әлеуметтік мәдени ерекшеліктен басқа экономикалық қызметтің негізі биік тау жайылымдарын ұтымды пайдалану үшін таулар мен жазықтар арасында көшпелі шаруашылық жүргізуге негізделген мал шаруашылығы мен мал шаруашылығының өнімі болып табылады. Табиғи ресурстарды пайдалану жөніндегі жергілікті стратегиялар бүкіл өңір бойынша ұқсайды, олар тау жайылымдарын пайдалануды, мал асырауды (ең бастысы кодастарды), биік тау жайылымдарында ауыл шаруашылығын, халықаралық спорт аңшылығы мен туризмді қамтиды. Алайда, браконерлік проблемаларын қоса алғанда ресурстарды шамадан тыс және ұтымсыз пайдаланудың анық үрдісі бар.

Өңірдің биоерекшелігін сақтау проблемасы жергілікті тұрғындардың экономикалық жағдайын жақсартпай шешілуі мүмкін емес. Бұл қатынаста екінші маңызды фактор - бұл түрлі мүдделі тараптардың қатысуы және жергілікті қоғамдастықтардың қатысуына негізделген көзқарас. Осы проблемаларды шешкен кезде осы қиын жағдайларда жүздеген жылдар өмір сүру ішінде жинақталған дәстүрлер мен теңдесі жоқ тарихи-мәдени мұраларды қорғауға және сақтауға өз үлесін қоса алады.

3. Сипаттамасы

3.1. Мақсаттары

Жалпы мақсаты Памир-Алтай тауларында биоерекшеліктің сақталуын жақсарту болып табылады.

Жобаның міндеті Памир-Алтай ерекше қорғалатын трансшекаралық аумағын (TANCA) құру жөнінде қолдау көрсету болып табылады.

3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет түрлері

Мынадай нәтижелерге қол жеткізу күтіледі:

- Алдын ала зерттеулерден кейін РАТСА құру жөніндегі басқару жоспарының

жобасын қоса алғанда толық досье дайындалатын болады.

- Екі елде Памир-Алтай ерекше қорғалатын трансшекаралық аумағын (TANCA) құру жөніндегі келісім жобасы әзірленеді және қабылданатын болады.

- TANCA құру жөніндегі институционалдық және тұрақтандыру қағидаттары әзірленетін болады.

- TANCA құруға және басқаруға тартылған ұлттық және жергілікті билік органдарының біліктілігі арттырылатын болады. Памир-Алтай кешенін ұтымды дамыту жөнінде ынтымақтастық дамытылатын болады.

- Жергілікті тұрғындарға кіріс әкелетін және экотуризмді қоса алғанда табиғатқа ауыртпалық салуды азайтуға әкелетін баламалы қызмет түрлері айқындалады және дамытылады.

- Биоерекшелікті сақтау және қоршаған ортаны қорғау мәселелерінде халықтың ақпараттандырылуы арттырылатын және жергілікті қоғамдастықтардың белсенді қатысуы ынталандырылатын болады, ал жергілікті қоғамдастықтар қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қатысатын болады.

- Көрсетілген нәтижелерге қол жеткізу үшін тиісті қызмет түрлері іске асырылатын болады.

- РАТСА құру үшін қажетті зерттеулер жүргізу.

- РАТСА-ның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қаржы мүмкіндіктерін анықтау.

- TANCA құру мәселелері жөніндегі өңірлік конференциялар мен оқу семинарларын өткізу.

- тиісті тақырыптар бойынша биліктің тиісті мүдделі тұлғалары, жергілікті тұрғындар, ҮЕҰ мен т.б. үшін оқыту жүргізу.

- ақпараттандыруды арттыру және ақпарат тарату жөнінде жұмыс.

3.3. Мүдделі тұлғалар

Негізгі мүдделі тұлғалар:

- Тәжікстан Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және Қырғызстан Орман шаруашылығы агенттігі (жобаның бенефициарлары).

- Ұлттық парк және басқа жергілікті өкіметтер.

- Жергілікті қоғамдастықтар.

- ҮЕҰ.

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

Ықтимал тәуекелдер елдердің экономикалық және әлеуметтік ахуалының жалпы нашарлауына байланысты. Әлемнің осы ауданында лаңкестік қатерін жою да мүмкін болмай отыр.

3.5. Қажетгі шарттар

Осы кезеңде елдерге РАТСА құру және Памир-Алтай тауларының биологиялық әралуандығын сақтау бойынша қатаң жақтауды қоспағанда, қандай-да бір ұстанымпаздық талаптар қозғалмайды.

3.6. Сабақтас мәселелер

Экологиялық тұрақтылық

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Бенефициар елдер үкіметінің Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекет бағдарламасының шеңберінде 1-БАҒЫТТЫҢ компонентін қамтитын Іс-әрекет салалары бойынша Қаржылық келісімге қол қоюы арқылы орталықтандырылған басқару.

Іске асыруды өткізілген тендер негізінде қызметтер көрсетуге келісім-шартқа қол қою арқылы Еуропа Комиссиясы жүргізетін болады.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

| Бюджеттің бабы | ЕК салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/Төлемді жүзеге асырушы орган |
|----------------|----------------|---------------------------------|----------------|---|
| 1.Қызметтер | 1 500 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
| Жиыны | 1 500 000 Еуро | | | |

Жұмыстардың ұзақтығы Қаржылық Келісімге қол қойылған күннен бастап көп дегенде 36 айды құрайды.

Келісім-шарттың индикативтік ұзақтығы 24 айды құрайды.

4.3. Сатып алу және гранттарды беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған сыртқы операцияларды іске асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және іске асырылуы қажет.

Бағдарламаның барлық сметалары Комиссия белгілеген және тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған рәсімдер мен стандартты құжаттарға жауап беруі қажет.

4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты процесс ретінде үнемі мониторинг жүргізу Комиссия міндеттерінің бірі болады. Сыртқы ықпал мониторингін ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

Негізгі индикаторлардың арасынан процесті бағалау үшін биологиялық әралуандықтың әртүрлі индикаторларын (түрлердің саны және т.б. сияқты) тұрақтандыру, тиісті елдермен РАТСА құру келісімінің жобасын әзірлеу мен келісу, қызметтің баламалы түрлерін дамыту арқылы жергілікті қоғамдастықтардың кіріс деңгейін арттыруға болады.

4.5. Бағалау және аудит

Мердігер таңдаған келісім-шарт келісімдерінің ажырамас бөлігі бағалау (орта мерзімді, финалдық және кейінгі), сондай-ақ аудит туралы келісім болады.

Сыртқы бағалаулар мен аудиттерді ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

Қ о с ы м ш а л а р ы

- Логикалық Шеңберлер

3 жобаның логикалық шеңберлері (ОА бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Қырғызстан мен Тәжікстан¹ аумағында Памир-Алтай трансшекара қорығын құруға қолдау көрсету

¹ Логикалық шеңберлер жоба бойынша жұмыстар басталатын кезең уақытында аяқталатын болады

| | Араласу логикасы | Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар/жегістіктер көрсеткіші | Бақылау көздері | Жол мен берулер тәуекелдер |
|-------------------------|---|---|-----------------|---|
| Жалпы мақсаты: | Памир-Алтай тауларында биологиялық әралуандылықтың сақталуын жақсарту | | | |
| Жобаның мақсаты: | Памир-Алтай ерекше қорғалатын трансшекара аумағын (TANCA) құру бойынша қолдау көрсету | | | - Үкімет тәуекелдер елдегі экономикалық және әлеуметтік ахуалдың жалпы нашарлауына байланысты. Әлемнің осы ауданында лаңкестік қатерін жою да мүмкін болмай отыр. - Болжам: ПАТСА құру және Памир-Алтай тауларының биологиялық әралуандығын сақтау бойынша қатаң ұстаным. |
| Нәтижелері: | - Алдын ала зерттеуден кейін ПАТСА құру жөніндегі басқару жобасын қоса алғанда, толық құжаттама дайындалатын болады. - Памир-Алтай ерекше қорғалатын трансшекара аумағын (TANCA) құру жөніндегі келісімнің жобасын екі ел әзірлеп, қабылдайтын болады. - TANCA құру бойынша институционалдық және реттеуші қағидаттар әзірленетін болады. - TANCA құру мен басқаруға | | | |

| | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|
| | <p>тартылған ұлттық және жергілікті билік органдарының біліктілігі арттырылатын болады.</p> <p>- Памир-Алтай кешенін тиімді дамыту бойынша ынтымақтастық дамытылатын болады.</p> <p>- Баламалы түрлер анықталып, дамытылатын болады.</p> | | | |
| Қызмет салалары | | | | |

4 - ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

| | | | |
|---------------------|--|--------|-------|
| Атауы | <i>Ақтауда портты дамыту, Ақтау портына (ҚР) негізгі жоспарды және техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу</i> | | |
| Жалпы құны | <i>2 000 000 еуро (ЕК салымы)</i> | | |
| Көмек көрсету әдісі | <i>Жобалау тәсілдемесі - орталықтандырылған басқару</i> | | |
| Код-DAC | 21040 | Сектор | Көлік |

1. НЕГІЗДЕМЕ

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекет бағдарламасы бойынша ұсынылған жоба ТАСИС ережесіне (N 99/2000), 2002 жылғы қазанда қабылданған Орталық Азия бойынша 2002-2006 жылдарға арналған стратегиялық құжатқа, сондай-ақ ТАСИС - TRASECA мемлекетаралық бағдарламаның, атап айтқанда:

- өңірде сауданы дамыту мен жақсартуға қатысты барлық мәселелер бойынша қатысушы елдердің арасында ынтымақтастықты ынталандыру;
- Орталық Азия - Кавказ - Еуропа көлік коридорын дамыту мақсаттарына жауап б е р е д і .

Бұдан басқа, бұл Орталық Азияның басымдықтары бойынша 2005-2006 жылдарға арналған ТАСИС индикативтік бағдарламасына сәйкес келеді, атап айтқанда:

- Орталық Азия мен Панеуропалық көлік коридорлары мен салалары арасында уақтылы және тиімді қатынастарды дамыту;
- көлік операцияларының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру, сондай-ақ өңір арқылы көлік қатынастары мен жүк транзитін дамыту;
- инфрақұрылым желілерін дамыту.

Орталық Азия бойынша индикативтік бағдарлама көмек өзара мүддеге, жеткілікті көлік ағындары мен өңірде жүк көлігін талдауға негізделуін талап етеді. Болжамды жоба негізгі жоспарды және осы маңызды өңірлік көлік орталығы үшін халықаралық

қаржылық мекемелер мен жеке инвесторлар тарапынан қаржыландыруға тарту үшін техникалық-экономикалық негіздеме әзірлеу негізінде осы мәселелерді тікелей қозғайды.

1.2. Алынған сабақтар

Орталық Азияда өңірлік ынтымақтастық саяси ерік пен сенімсіздіктің жетіспеушілігінен жиі зардап шегеді. Сондықтан, континенттің тереңінде жатқан ірі елдер, ҚР, Өзбекстан және Қырғызстан Орталық Азия үшін осы маңызды көлік орталығын дамытуды белсенді қолдауға дайын екендігін білдіргенін атап өткен өте маңызды. Ол көлік секторындағы ынтымақтастық үшін үлкен мүмкіндікті қамтамасыз етеді және TRASECA бағытына қосымша көлік ағындарын тартудағы негізгі проблемаларды шешеді.

Жоба TRASECA әріптес елдері: Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және Әзербайжан арасында тұрлаулы және тұрақты сұхбаттың қажеттігі мәселесін де қамтиды. Бұл елдер жүктердің түрлері мен көлемін анықтауға арналған негізгі жоспарды жасау процесіне белсенді түрде тартылатын болады.

1.3. Іс-әрекеттердің қосымша салалары

Біршама уақыт бұрын ЕО "Навигациялық жабдықтарды жеткізу" жобасы және оған байланысты компонент бойынша Ақтау портына қолдау мен "Навигациялық жабдық - бақылау және оқыту" техникалық көмегін көрсетті.

TRASECA - мемлекетаралық бағдарлама шеңберінде ЕО-ның тағы да бір жобасы басталады, ол TRASECA өңірінде теңіз көлігі секторында оқыту жүргізуге бағытталған және өзгелер арасында ол Ақтау портында теңіз көлігі саласында оқытудың тиімді орталығын құру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеуге әкеледі, ол ЕО мен Халықаралық теңіз ұйымының (ХТҰ) қазіргі заманғы ең соңғы стандарттарға сәйкес оқытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ЕҚДБ-мен бірлесіп Ақтау портын дамыту мен қайта құрудың 1997-1999 жылдарға арналған бағдарламасын іске асырды. Осы мақсатқа 74 миллион АҚШ доллары мөлшерінде кредит берілді. Кредит Ақтау портының инфрақұрылымын жаңғыртуға, жаңартуға және басқаруды жақсартуға пайдаланылды. Негізгі жоспар мен техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу басымдықтарды анықтауға және порт пен инвестицияның одан әрі дамуы үшін жолды айқындауға мүмкіндік береді.

Осы жылы ЕО қаржыландыратын "Қазақстан мен Өзбекстанды Ақтау порты арқылы байланыстыратын жолды жаңғыртудың техникалық-экономикалық негіздемесі" TRASECA жобасы басталады, ол халықаралық қаржылық ұйымдарды қаржыландыру тетіктерінің алдын ала қойған шарты болатын Өзбекстан бағытында континенттің тереңіне Ақтау портының шығатынына одан әрі зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

ҚР үкіметі, порттың басшылығы, ЕҚДБ-ның негізгі доноры және TRACESA Үкіметаралық Комиссиясының Тұрақты Хатшылығы арқылы ЕК, сондай-ақ ЕК қаржыландыратын "Сауданы дамыту және институционалдық қолдау" жобасы арасында тұрақты сұхбат бар. Барлық негізгі мүдделі тұлғалар порттың қуаттылығын одан әрі нығайту қажеттігін мәлімдейді және кейбір салаларда порт жүк ағындарын өңдеудің немесе портқа келген кемелерді айлаққа қоюдың байыпты проблемаларына кездеседі.

2. Ел және өңір бойынша контекст

2.1. Бенефициар елдердің ынтымақтастық саясаты

Қазақстан Республикасы Үкіметі Ақтау портына беретін басымдық үш негізгі ф а к т о р л а р ғ а б а й л а н ы с т ы :

- "Ақтау теңіз порты" еркін экономикалық аймағын құру, мұнда Ақтау порты үш негізгі қатысушы субъектілердің бірі болып табылады. Бұл еркін экономикалық аймақ қосымша көлік ағынын тартуға, тасымалданатын жүктердің номенклатурасын кеңейтуге және өңірде инвестицияларды дамытуға мүмкіндік береді.

- "Алтынсарин - Хромтау" теміржолын аяқтау. Бұл ағымдағы көлік ағынын кеңейту үшін әлеуетті ұлғайтуға және Ақтау портына жаңа көлік ағындарын тартуға мүмкіндік береді, негізінен, бұл солтүстік және орталық Қазақстаннан тасылатын астық, "Испат-Кармет" пен "Кастинг" өнеркәсіпорындарынан метал, "Қазақмыстың" мыс өнімі, ССГПО өндірілетін әртүрлі рудалар және тағы басқалар болады. Бұл жаңа теміржол бұтағы Ақтау портында астықты тасымалдау құнының бір тоннасын 20 АҚШ долларына, ал метал тасымалдау құнының бір тоннасын 14 АҚШ долларына төмендетеді.

- Кавказ арқылы мұнай құбырын салу жөніндегі халықаралық келісім, сондай-ақ жақында аяқтау күтіліп отырған Бакуге сығылған мұнай газын өңдеу бойынша жабдық құрылысы Ақтау порты арқылы мұнайды, сығылған мұнай газы мен мұнай өнімдерін жөнелтуді арттыруға әкеледі.

2.2. Секторлық контекст

Ақтау порты Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан. Бұл Қазақстан Республикасындағы құрғақ жүктердің әралуан түрлерін, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін халықаралық тасымалдайтын жалғыз порт, ол Еуропаға, Иран мен Ресейге Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін теңіз коридорларының қиылысындағы ірі көлік орталығы болып табылады.

"Ақтау теңіз сауда порты" республикалық кәсіпорыны акционерлік қоғам нысанында құрылды. Бұл "Ақтау теңіз сауда порты" акционерлік қоғамының мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 наурыздағы N 356 қаулысына сәйкес жасалды. Портқа "Ақтау теңіз сауда порты" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 23 сәуірдегі N 644 қаулысына сәйкес қолдау да көрсетіледі. Порт "Мемлекеттік

кәсіпорындардың тізілімі" Қазақстан Республикасы Үкіметінің N 790 қаулысының негізінде коммерциялық кәсіпорын ретінде мемлекеттік кәсіпорындар тізіліміне е н г і з і л д і .

Еуропа - Орталық Азияда контейнермен тасымалдаудың біршама өсетіні болжамдалып отыр, ол негізінен теңіз көлігімен жүзеге асырылатын болады, өйткені негізгі жүкті қабылдап алушылар жүктерді контейнермен тасымалдауға теңіз көлігін пайдалануды жөн санайды. Өз кезегінде, ашық контейнер терминалы Әзербайжан мен Грузия арқылы Еуропадан транзитті жүктерді тарту саласында Ақтауға біршама мүмкіндік береді. Ақтау портының 2001 жылдан бастап трейлерлік кемелерге арналған жабдығы бар, ол кеме қатынасы компаниялары, сондай-ақ басқа да трейлерлік кемелер теміржол паромына қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. Бейнеу (ҚР) және Қарақалпақстан (Өзбекстан) арқылы жол қосуды, сондай-ақ автомобиль жолымен көлденең жатқан темір жолды жаңғырту аяқталғаннан кейін Өзбекстан Каспий теңізіне шығатын тағы бір жолға қол жеткізеді. Бұл өзбек тауарларының экспорты мен импорты үшін ғана маңызды емес, сондай-ақ шығыста орналасқан көршілес елдер үшін де м а ң ы з д ы .

Әзербайжан порттарын, атап айтқанда, Баку портымен, сондай-ақ Орталық Азия автомобиль және теміржол желісін Кавказдың автомобиль және теміржол желісімен қосу Ақтау портының негізгі рөлі болып табылады.

Қазіргі уақытта порт өзінің мүмкіндіктерінің шегінде жұмыс істейді. Сондықтан, порттың басшылығы қолданыстағы инфрақұрылым мен супрақұрылымды одан әрі жақсарту мүмкіндігін қарастырады. Портты өзінің қазіргі орналасқан жерінен солтүстікке қарай кеңейту болжамдалып отыр.

3 . С И П А Т Т А М А С Ы

3.1. Мақсаты

"Ақтау портын дамыту, Ақтау портына арналған негізгі жоспар мен техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу" жобасы Қазақстан Республикасында жалпы дамытудың мынадай мақсаттарын:

- Қазақстан Республикасын теңіз көлігі халықаралық жүйесіне біріктіруді;
- көлік секторының негізгі субъектілерімен қосу үшін маңызды қадам ретінде порттың тартымдылығын арттыруды;
- оның географиялық жағынан орналасуының икемді мүмкіндігін пайдалана отырып, Орталық Азияда Ақтау портының стратегиялық рөлін нығайтуды;
- Волга-Дон арнасы арқылы, сондай-ақ Кавказ арқылы Қара теңіз порттарына шығатын әртүрлі көлік бағыттарын дамытуды;
- Орталық Азияда халықаралық саудада Ақтау портының рөлін нығайтуды;
- көлік шығыстарын азайтуды ескере отырып, Ақтау портының болашағына перспективаны егжейлі-тегжейлі тәуелсіз бағалау жүргізу мүмкіндігін береді.

Инвестициялар жоспарлауды, сондай-ақ пайдалану және басқару аспектілерін

ескере отырып, осы жалпы мақсаттарға қол жеткізуге қажетті порттың өндірістік қуаттылығын бағалау және жоспарлау нақты мақсаты болады.

3.2. Күтілетін нәтижелері мен негізгі қызметтің салалары

Жобаның негізгі құрауыштары мен қызметінің салалары:

- тәуекелдерді бағалауды қоса алғанда, ағымдағы және болашақтағы көлік ағындарын бағалауды;
- порттың қазіргі пайдаланылуын, темір және автомобиль жолдарының қуаттылығын бағалауды;
- пайдалану проблемаларын анықтауды;
- институционалдық әлеует қажеттілігін айқындауды;
- порттың инфрақұрылымы мен супрақұрылымының қажеттігін айқындауды;
- жақсарту жөніндегі шараларға қажетті инвестициялар көлемін бағалауды;
- экологиялық аспектілер мен қауіпсіздік аспектілерін қоса алғанда, инвестициялық компоненттердің техникалық-экономикалық негіздемесін, сондай-ақ сезімталдығын талдауды;
- портты пайдалану тұжырымдамасын әзірлеуді;
- РРР сызбасын енгізуді ескере отырып, Ақтау портын қайта ұйымдастыру мен коммерцияландыру жөніндегі ұсыныстар (жеке капитал қатысатын Мемлекеттік кәсіпорын);
- инвестицияның белгілі бір басымдықтары бойынша тендер өткізуге арналған техникалық ерекшеліктерді қамтитын болады.

3.3. Мүдделі тұлғалар

Негізгі бенефициар сөзсіз Ақтау порты болады. Алайда, Орталық Азияның (Түркіменбашымен қатар) орталық теңіз порты болып табылатын Ақтау порты ҚР-да орналасқан және теңізге шыға алмайтын елдер Өзбекстан, Қырғызстан және ҚР-ның материк бөлігі оның жақсартылуынан пайда көрмейді.

Ақтау порты коммерциялық мемлекетке тиесілі кәсіпорын болып табылады, оның басқару құрылымы ЕҚДБ қарызының көмегімен нығайтылған, ол техникалық-экономикалық негіздеме шеңберінде негізделген ретінде бағаланған шараларды іске асыру мен оның тұрақтылығына кепілдік беретін жеткілікті қаражатпен қамтамасыз етеді.

Ақтау порты аралас көлік тасымалдарының орталығы болып табылғандықтан, жоспарлау процесінде өңірдің автомобиль және теміржол көлігі де белсенді түрде тартылатын болады, бұл порттың одан әрі дамуына үлкен стратегиялық қызығушылықты көрсетеді.

3.4. Тәуекелдер мен болжамдар

ҚР мен көршілес елдер үкіметінің саяси қолдауы күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін негізгі фактор болады. ҚР үкіметі мен порттың басшылығы ынтымақтастық көрсетуге ниет білдірді, мұнда басымдықты салаларда қажетті шаралар қабылдау қажет

, ол құқық, институционалдық реформа саласында, сондай-ақ қажетті ресурстарды бөлу нысанында техникалық көмек жобасы уақытында анықталатын болады.

Басқа болжам - бұл саяси тұрақтылықты, институционалдық әлеуетті сақтау және өңірдің экономикалық дамуы, сондай-ақ көлік саласындағы сұраныс тікелей өңірдің экономикалық әл-ауқатына байланысты. Осы саяси, институционалдық және экономикалық тәуекелдердің ықпалын бағалау осы техникалық көмек жобасының ажырамас бөлігі болады.

3.5. Қажетті шарттар

Бенефициар жақсарту жөніндегі ұсынылған шараларды ұзақ мерзім пайдалану және қолдау үшін жеткілікті соманы өзінің болашақтағы бюджеттерінен қарастыруы қажет болады.

3.6. Сабақтас мәселелер

Экологиялық мәселелерді бағалау бірнеше аспектілер:

- инфрақұрылым мен супрақұрылымды дамытудың еуропалық стандарттарын енгізу үшін қажетті инвестициялар ұсынылатын болады;

- қауіпті жүктерді өңдеу бойынша әлеуетті жақсарту және мұнай мен мұнай өнімдерін қоса алғанда, қауіпті жүктерді пайдаланудан туған алапаттың апатты орталығын құру ;

- экологиялық қатерлерді болдырмау үшін қауіпсіздік саласында операциялар жүргізу бойынша порттың негізгі жоспарының ажырамас бөлігі болады.

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Бенефициар елдер үкіметінің Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекет бағдарламасының шеңберінде 1-БАҒЫТТЫҢ компонентін қамтитын Іс-әрекет салалары бойынша Қаржылық келісімге қол қоюы арқылы орталықтандырылған басқару .

Іске асыруды өткізілген тендер негізінде қызметтер көрсетуге келісім-шартқа қол қою арқылы Еуропа Комиссиясы жүргізетін болады.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

| Бюджеттің бабы | ЕК салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/Төлемді жүзеге асырушы орган |
|----------------|----------------|---------------------------------|----------------|---|
| 1.Қызметтер | 2 000 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
| Жиыны | 2 000 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |

Жұмыстардың ұзақтығы Қаржылық Келісімге қол қойылған күннен бастап көп дегенде 36 айды құрайды .

Келісім-шарттың индикативтік ұзақтығы 24 айды құрайды.

Жобаны іске асырудың бірінші жылында негізгі назар порттың негізгі жоспарын әзірлеуге бөлінетін болады, іске асырудың екінші жылы уақытында негізгі назар

инвестицияларға белгілі бір басымдықтар үшін техникалық-экономикалық негіздемеге бөлінетін болады.

4.3. Сатып алу және гранттарды беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған сыртқы операцияларды іске асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және іске асырылуы қажет.

Бағдарламаның барлық сметалары Комиссия белгілеген және тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған рәсімдер мен стандартты құжаттарға жауап беруі қажет.

4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты процесс ретінде үнемі мониторинг жүргізу Комиссия міндеттерінің бірі болады. Сыртқы ықпал мониторингін ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

4.5. Бағалау және аудит

Мердігер тандаған келісім-шарт келісімдерінің ажырамас бөлігі бағалау (орта мерзімді, финалдық және кейінгі), сондай-ақ аудит туралы келісім болады.

Сыртқы бағалаулар мен аудиттерді ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

Қ о с ы м ш а л а р ы

- ЛОГИКАЛЫҚ ШЕҢБЕРЛЕР

4 жобаның логикалық шеңберлері (ОА бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Ақтауда портты дамыту, Ақтау портына (ҚР) негізгі жоспарды және техникалық-экономикалық негіздемені әзірлеу¹

¹ Логикалық шеңберлер жоба бойынша жұмыстар басталатын кезең уақытында аяқталатын болады.

| | Араласу логикасы | Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар/ жетістіктер көрсеткіші | Бақылау көздері | Жол мен берулер тәуекелдер |
|--|---|--|-----------------|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының халықаралық теңіз көлік жүйесіне бірігуі; - көлік секторының негізгі субъектілерімен қосу үшін маңызды қадам ретінде порттың тартымдылығын арттыру; - оның географиялық жағынан орналасуының икемді мүмкіндігін пайдалана отырып, | | | саяси тұрақтылықты, институционалдық әлеуетті сақтау және өңірдің экономикалық дамуы, сондай-ақ көлік саласындағы сұраныс тікелей өңірдің экономикалық әл-ауқатына |

| | | | | |
|-------------------------|---|--|--|--|
| Жалпы мақсаты: | Орталық Азияда Ақтау портының стратегиялық рөлін нығайту; - Волга-Дон арнасы арқылы, сондай-ақ Кавказ арқылы Клара теңіз порттарына шығатын әр түрлі көлік бағыттарын дамыту; - Орталық Азияда халықаралық саудада Ақтау портының рөлін нығайту; - көлік шығыстарын азайту | | | байланысты. Бенефициар жақсарту жөніндегі ұсынылған шараларды ұзақ мерзім пайдалану және қолдану үшін жеткілікті соманы өзінің болашақтағы бюджеттерінен қарастыруы қажет болады. |
| Жобаның мақсаты: | Инвестициялар жоспарлауды, сондай-ақ пайдалану және басқару аспектілерін ескере отырып, осы жалпы мақсаттарға қол жеткізуге қажетті порттың өндірістік қуаттылығын бағалау және жоспарлау. | | | ҚР мен көршілес елдер үкіметінің саяси қолдауы күтілетін нәтижелерге қол жеткізу үшін негізгі фактор болады. |
| Нәтижелері : | <ul style="list-style-type: none"> - тәуекелдерді бағалауды қоса алғанда, ағымдағы және болашақтағы көлік ағындарын бағалау; - порттың қазіргі пайдаланылуын, темір және автомобиль жолдарының қуаттылығын бағалау; - пайдалану проблемаларын анықтау; - институционалдық әлеует қажеттілігін айқындау; - порттың инфрақұрылымы мен супрақұрылымының қажеттігін айқындау; - жақсарту жөніндегі шараларға қажетті инвестициялар көлемін бағалау; - экологиялық аспектілермен қауіпсіздік аспектілерін қоса алғанда, инвестициялық компоненттердің техникалық-экономикалық негіздемесін, сондай-ақ сезімталдығын талдау; - портты пайдалану тұжырымдамасын әзірлеу. | | | |
| Қызмет салалары | | | | |

5 - ЖОБАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

| | |
|-------|--|
| Атауы | Орталық Азияда өңірлік энергетикалық ынтымақтастықты нығайту |
| | |

| | | | |
|---------------------|--|--------|------------|
| Жалпы құны | 5 000 000 еуро ЕК (салымы) | | |
| Көмек көрсету әдісі | Жобалау тәсілдемесі - орталықтандырылған басқару | | |
| Код-DAC | 41030 | Сектор | Энергетика |

1. НЕГІЗДЕМЕ

1.1. Стратегиялық шеңберлер

Орталық Азия бойынша 2005-2006 жылдарға арналған іс-әрекет бағдарламасының мақсаттарына сәйкес ұсынылған жоба:

- ЕО стандарттары мен халықаралық стандарттарға сәйкес орталық Азияның мұнай-газ стандарттары мен іс-тәжірибесінің үйлесіміне;
- басым салаларда газ шығынын азайтуға бағытталған көмек көрсетуге қолдау көрсетуге бағытталған.

1.2. Алынған сабақтар

Алынған сабақтар Қоғамдастыққа көмек көрсетудің басқа аспаптарымен жақсы үйлестіру, сондай-ақ осы бағдарлама, ТАСИС ынтымақтастығының өңірлік бағдарламасы, ұлттық бағдарламалар және басқа донорлардың қызметі бойынша көрсетілетін көмек арасында өзара толықтыруды қамтамасыз ету қажеттігін көрсетеді.

Еуропа Комиссиясының шеңберінде өңірлік бағдарламалар арасында жақсы үйлестіруді қамтамасыз етуге арналған тетіктің қажеттігі де танылады, әсіресе, көптеген жобалар ЕК үкіметтері арасында орталықтан шығарылған және қазіргі таңда олар орталық деңгейде үйлестірісіз жүзеге асырылады.

1.3. Іс-әрекеттердің қосымша салалары

Еуропа комиссиясы INOGATE бағдарламасының контекстінде энергетикалық секторда жобалардың қатарын қаржыландырды; осы бастама бойынша осы жобаны толықтыратын бағдарламаға шолу беріледі, онымен мына: www.inogate.org веб-адрес бойынша танысуға болады.

2003 жылға арналған іс-әрекеттің Ұлттық бағдарламасына сәйкес Ресей Федерациясы үшін ЕО мен Ресей арасындағы газ стандарттарының үйлесімі жобасына ұқсас ұсынылады, ол жобаны қысқаша сипаттаудың 1-компонентімен үндеседі.

1.4. Донорлардың қызметін үйлестіру

ЕО тәсілдемесі бенефициарлармен неғұрлым тиімді сұхбатты ұйымдастыруға да көмектесті. PRSP іске асыру шеңберінде донорларды үйлестіру үкіметтердің басымдықтарын және ұлттық бюджет пен донорлардың қолда бар ресурстарын оңтайлы пайдалануын анықтау үшін маңызды аспап ретінде қарастырылады.

ЕҚДБ-мен, әсіресе, жобаларды қолдау жөніндегі инвестициялар саласында белсенді үйлестіруге қол жеткізілді.

Донорлар мен халықаралық қаржылық ұйымдар (IFI) өзара тығыз ынтымақтастық даму саласында, атап айтқанда, дамыту жөніндегі өңірлік жұмыста көмек көрсетуге табыстың негізгі факторы болып табылатынын таниды. Орталық Азия бойынша ЕО

өңірлік стратегиясын қабылдағаннан кейін халықаралық ұйымдар мен негізгі донорлардың көпшілігі негізгі секторға бағытталған және донорлардың әртүрлі бағдарламалары арасында үйлестіру мен синергия әлеуетін күшейтетін өңірлік тәсілдемеге үлкен акцентті қоса алғанда, өздерінің өңірге көмек көрсету бағдарламаларын қайта қарады.

2. Өңірлік контекст

2.1. Бенефициар елдердің ынтымақтастық саясаты

Соңғы жылдары Орта Азия елдері ЕО-ға көмірсутегілерді тасымалдау бағыттары ретінде неғұрлым елеулі рөл ойнай бастады.

Газ секторындағы ахуалды, негізінен, уақыт өте ұлттық стандарттарға айналған, кеңес уақытынан мұраға қалдырылған стандарттарға (МЕМСТ) арқа сүйейтін көлденең-біріктірілген мемлекеттік монополиялар бақылайды.

Бүгінгі таңда ЕО тарапынан табиғи газға деген сұранысты арттыру, сондай-ақ Каспий теңізінің маңайынан табылған газ кен орындары ЕО-ны Ресей және Орталық Азиямен жалғастыратын газ-мұнай құбырлары жүйесіне біршама инвестициялардың қажеттілігін көрсетеді.

Қажетті инвестициялардың мөлшері, іс жүзінде міндетті емес, төтенше маңызды сыртқы инвестицияларды жасайды.

Осының контекстінде еуропалық стандарттар мемлекетаралық газ және мұнай желілерін жаңғырту/кеңейту жүргізіліп жатқан елдерде жалпы индикаторлар болуы қажет. Техникалық стандарттардың жалпы жиынтығы техникалық-экономикалық негіздеме дайындауда және кешенді тексеруде негізгі рөлді ойнайды, ол халықаралық кредит ұйымдарын талап етеді. Мысалы, стандарттар газ инфрақұрылымын, пайдалану және қызмет көрсету (O&M) іс-тәжірибесін дәл және бірдей бағалауды, шекарада газ ағындарын бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді.

Газ шығынын азайту мәселелеріне қатысты Орталық Азия магистральдық құбырлардың негізгі проблемасы олардың 20 - 30 жыл бұрын салынғаны және соңғы 5 жылда ірі инвестицияларды талап ететін тозудың сын көтермес деңгейіне жетуі болып табылады. Газды беру және бөлу кезіндегі шығын өңірде 20-дан 45%-ға дейін түрленуде. Осы шығынның ауқымды экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдарлары бар. Өңірде көмек көрсету басымдықтарының жоспарын әзірлеудің, сондай-ақ қаржыландыруды жалғастыру үшін аргумент ретінде көмек көрсету жөніндегі тиімді іс-шараларды көрсетудің көкейтесті қажеттігі бар.

Жобаны мынадай екі құрамдауыш түрінде орындау ұсынылады:

- 1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі;
- 2-құрамдауыш - газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы.

2.2. Секторлық контекст

Орталық Азия бойынша 2005-2006 жылдарға арналған ТАСИС іс-әрекет бағдарламасы өңірлік негіздегі секторда қызмет салаларының мынадай басымдықтарын анық б е л г і л е й д і :

- Мұнай-газ секторында стратегия мен заңнаманы жақсарту, инвестициялар тарту, сондай-ақ желінің сенімді жұмысын қамтамасыз ету; қауіпсіздік пен экология өлшемдерін қоса алғанда, газ тасымалдау мен газ құбырларын пайдалануға арналған халықаралық стандарттарды қабылдау және оны іске асыру; инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламасының негізгі жоспарын жасаудың стратегиялық, құқықтық және техникалық аспектілері бойынша консультация алу, IFI қарыз қаражатын қоса алғанда, ЕО-да магистральдық газ құбырларын жаңғырту мен кеңейтуге инвестициялар; газ операторларының озат тәжірибесіне бейімделу және оны қолдану үшін ЕО сарапшы біліміне қол жеткізуді қамтамасыз ету, инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламасын әзірлеу және жасау; ноу-хау беру және газ өндіру мен тасымалдау мәселелерін б а с қ а р у д ы ж а ң ғ ы р т у .

- Құбырлар желісінің мониторингі мен басқарудың сенімді жүйесін құруға қолдау көрсету, ол апат немесе төтенше жағдайлар болған жағдайда, желі бағыттарының жүктемесі мен мәртебесін бағалауға қатысты газ ағындарын тиісінше басқаруға м ү м к і н д і к б е р е т і н е д і .

Мынадай қорытындыларға қол жеткізу күтіледі:

- ЕО тәсілдемесіне сәйкес мұнай-газ секторында өңірлік және өңіраралық ынтымақтастықты нығайту; еуропа газ рыногіне қол жеткізу әлеуетін күшейту; газ секторын дамытуға арналған заңнама мен стратегиялық қағидаттарды жақсарту; газ құбырлары жүйесінің тиімділігі, сенімділігі және қауіпсіздігі; инвестициялар үшін тиісті шарттар, қарыз қаражатын қоса алғанда, инфрақұрылымдарды қаржыландыру үшін қаражат тартуға техникалық-экономикалық негіздеме және IFI және ЕО білдіретін инвесторлармен тығыз ынтымақтастықты дамыту; мұнай және газ тасымалдау жөніндегі компаниялар мен басқаруды жаңғырту жөніндегі компаниялар басшыларының біліктілігін арттыру; инвестициялар мен мұнай-газ жобаларының негізделген жоспарларын әзірлеу жөніндегі біліктілікті беру.

3. СИПАТТАМАСЫ

3.1. Мақсаты

Жобаның жалпы мақсаты газды өндірудің/берудің/сақтаудың барлық компоненттеріне қолданылатын жобалау, салу, өндіру, тестілеу, сертификаттау, аккредиттеу, пайдалану, сақтау және қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарын, ережелер мен іс-тәжірибелерін елдердің қабылдауын қолдау болып табылады.

3.1.1. 1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің ү й л е с і м і

Осы құрамдауыштардың нақты мақсаты мыналар:

- Газ секторында халықаралық стандарттарға негіздеме мен бірлесіп көшу бойынша

жалпы түсіністікке қол жеткізу.

- Ұлттық стратегиялар шеңберінде газ секторында техникалық стандарттар мен іс-тәжірибенің үйлесімі жөніндегі стратегияны әзірлеп, қабылдау.

- Үйлесімді стандарттар мен іс-тәжірибеге қол жеткізу үшін орта мерзімді іс-әрекет жоспарын әзірлеу.

- Үйлесімді техникалық стандарттарды қабылдау үшін ұлттық өкіметтер бастамашылық етуі қажет құқықтық шаралардың ретін ұсыну.

- Газ секторында стандарттар, ережелер, сертификаттау және аккредиттеу бойынша ақпарат беруді арттыру.

3.1.2. 2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы

Жобаның осы құрамдауыш газды тасымалдаудың магистральдық жүйесінде газ шығынын азайту мақсатында іс-әрекеттің басым бағдарламаларын әзірлеу арқылы негізгі транзитті газ инфрақұрылымдарының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

3.2. Күтілетін нәтижелер және негізгі қызмет түрлері

3.2.1. 1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі

Қызмет саласы:

1. Газ секторында мониторинг стандарттарын орнатуға жауап беретін еуропа және ұлттық органдар арасындағы ынтымақтастық сызбасын әзірлеуді;

2. Әрбір қатысушы елдердегі тиісті қолданыстағы стандарттарды талдауды;

3. Үйлесімді стратегияны әзірлеуді қамтиды, ол:

- Газдың көлемі мен сапасын бағалауды, сондай-ақ қатысушы елдер мен ЕО арасында тестілеуді сәйкестендіру.

- Жалпы стандарттар, газ секторына арналған жабдықтарды тестілеу мен сертификаттау.

- Денсаулық, Қауіпсіздік және Экология (QHSE) стандарттарын, EIA іс-тәжірибесі мен Ең үздік Қолда бар Әдістеме (BAT) тұжырымдамасын қоса алғанда, газ құбырын салу мен пайдалануға жалпы стандарттар, ережелер және өндірістік іс-тәжірибе үшін "жол картасын" белгілейді.

3.2.2. 2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы

Мүдделі тұлғалардың арасында:

- ҚР Энергетика министрлігі, Қазмұнайгаз
- Қырғызстан Энергетика министрлігі, Қырғызстан
- Өзбекстан Энергетика министрлігі, Өзбекмұнайгаз

- Түркіменстан Мұнай-газ өнеркәсібі және минералдық ресурстар министрлігі, Түркіменгаз болады.

3.3. Тәуекелдер мен болжамдар

3.3.1. 1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі

Жобаға қатысушы елдер оған барынша байыппен қарауы және оның қабылдануын қамтамасыз ететін ең жоғарғы деңгейде іске асыратыны болжамдалып отыр.

3.3.2. 2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы

Көмек көрсетудің басым салалары көрсетілген жобаларды іске асыру мақсатында бенефициар елдермен бірлесіп анықтауы мүмкін екендігі болжамдалып отыр.

3.4. Қажетті шарттар

Осы бағдарламада Орталық Азияның барлық елдерінің қатысуын қамтамасыз ету өте маңызды болады.

3.5. Сабақтас мәселелер

Тиімді мемлекеттік басқару, заңнамалық реформалар, демократизациялау, экономикалық өсу және бизнес климатты жақсарту.

4. ІСКЕ АСЫРУ МӘСЕЛІЛЕРІ

4.1. Іске асыру әдісі

Бенефициар елдер үкіметінің Орталық Азия бойынша 2005 жылға арналған іс-әрекет бағдарламасының шеңберінде 1-БАҒЫТТЫҢ компонентін қамтитын іс-әрекет салалары бойынша Қаржылық келісімге қол қоюы арқылы орталықтандырылған б а с қ а р у .

Іске асыруды өткізілген тендер негізінде қызметтер көрсетуге келісім-шартқа қол қою арқылы Еуропа Комиссиясы жүргізетін болады.

4.2. Бюджет және іске асырудың күнтізбелік кестесі

Осы жоба бойынша бөлінген жалпы сома төменде көрсетілгендей екі компоненттердің арасында бөлінген 5 миллион еуроны құрайды.

Жобаның индикативтік, операциялық ұзақтығы Қаржылық Келісімге қол қойылған күннен б а с т а п 3 6 а й д ы к ұ р а й д ы .

1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі

| Бюджеттің бабы | ЕК салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/Төлемді жүзеге асырушы орган |
|----------------|----------------|---------------------------------|----------------|---|
| 1.Қызметтер | 1 500 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
| Жиыны | 1 500 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |

Осы құрамдауыш бойынша келісім-шарттың ұзақтығы 24 айды құрайды.

2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы

| Бюджеттің бабы | ЕК салымы | Бенефициар ел үкіметінің салымы | Басқа донорлар | Жалдаушы орган/Төлемді жүзеге асырушы орган |
|----------------|----------------|---------------------------------|----------------|---|
| 1.Қызметтер | 1 500 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
| 2.Жеткізулер | 2 000 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |
| Жиыны | 3 500 000 Еуро | Қолданылмайды | Қолданылмайды | ЕК |

4.3. Сатып алу және гранттарды беру рәсімдері

Қаржылық келісімді іске асыруға барлық келісім-шарттар тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған сыртқы операцияларды іске асыру үшін Комиссия белгілеген және жариялаған рәсімдер мен стандартты құжаттарға сәйкес жасалуы және іске асырылуы қажет.

Бағдарламаның барлық сметалары Комиссия белгілеген және тиісті рәсімдер басталған сәтте қолданылған рәсімдер мен стандартты құжаттарға жауап беруі қажет.

4.4. Мониторинг жүргізу

Тұрақты процесс ретінде үнемі мониторинг жүргізу Комиссия міндеттерінің бірі болады. Сыртқы ықпал мониторингін ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

4.5. Бағалау және аудит

Мердігер таңдаған келісім-шарт келісімдерінің ажырамас бөлігі бағалау (орта мерзімді, финалдық және кейінгі), сондай-ақ аудит туралы келісім болады.

Сыртқы бағалаулар мен аудиттерді ЕК ережелеріне және техникалық тапсырмада арнайы белгіленген рәсімдерге сәйкес Комиссия тікелей жалға алған тәуелсіз консультанттар да жүргізе алады.

Қ о с ы м ш а л а р

- ЛОГИКАЛЫҚ ШЕҢБЕРЛЕР

5 жобаның логикалық шеңберлері (ОА бойынша іс-әрекет бағдарламасы - 2005) - Орталық Азияда өңірлік энергетикалық ынтымақтастықты нығайту¹

¹ Логикалық шеңберлер жоба бойынша жұмыстар басталатын кезең уақытында аяқталатын болады.

| Араласу логикасы | Объективтік бақылауға берілетін индикаторлар/ | Бақылау | Жол берулер |
|------------------|---|---------|-------------|
| | | | |

| | | жетістіктер көрсеткіші | көздері | мен тәуекелдер |
|-------------------------|--|------------------------|---------|--|
| Жалпы мақсаты: | <p>- газды өндірудің/берудің/сақтаудың барлық компоненттеріне қолданылатын жобалау, салу, өндіру, тестілеу, сертификаттау, аккредиттеу, пайдалану, сақтау және қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарын, ережелер мен іс-тәжірибелерін елдердің қабылдауын қолдау.</p> <p>- газды тасымалдаудың магистральдық жүйесінде газ шығынын азайту мақсатында іс-әрекеттің басым бағдарламаларын әзірлеу арқылы негізгі транзитті газ инфрақұрылымдарының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруы.</p> | | | Осы бағдарламада Орталық Азияның барлық елдерінің қатысуын қамтамасыз ету өте маңызды болады. |
| Жобаның мақсаты: | <p>1-құрамдауыш - Орталық Азияда газ стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі</p> <p>- Газ секторында халықаралық стандарттарға негіздеме мен бірлесіп көшу бойынша жалпы түсіністікке қол жеткізу.</p> <p>- Ұлттық стратегиялар шеңберінде газ секторында техникалық стандарттар мен іс-тәжірибенің үйлесімі жөніндегі стратегияны әзірлеп, қабылдау.</p> <p>- Үйлесімді стандарттар мен іс-тәжірибеге қол жеткізу үшін орта мерзімді іс-әрекет жоспарын әзірлеу.</p> <p>- Үйлесімді техникалық стандарттарды қабылдау үшін ұлттық өкіметтер бастамашылық етуі қажет құқықтық шаралардың ретін ұсыну.</p> <p>- Газ секторында стандарттар, ережелер, сертификаттау және аккредиттеу бойынша ақпарат беруді арттыру.</p> <p>2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы.</p> | | | - Жобаға қатысушы елдер оған жауапкершілікпен қарайды және оның қабылдануын қамтамасыз ету үшін оны ең жоғары деңгейде іске асырады деп көзделуде - көмек көрсететін басымды салаларда демонстрациялық жобаларды іске асыру мақсатында бенефициар елдер мен бірлесіп айқындауы көзделуде |
| | <p>1-құрамдауыш</p> <p>- Орталық Азияда газ</p> | | | |

| | | | | |
|-------------------------------|--|--|--|--|
| <p>Нәтижелері :</p> | <p>стандарттары мен іс-тәжірибенің үйлесімі</p> <ul style="list-style-type: none"> - Газ секторында мониторинг стандарттарын орнатуға жауап беретін еуропа және ұлттық органдар арасындағы ынтымақтастықтың сызбасын әзірлеу. - Ұлттық стратегиялар шеңберінде газ секторында техникалық стандарттар мен іс-тәжірибенің үйлесімі жөніндегі стратегияны әзірлеп, қабылдау. - Үйлесімді стандарттар мен іс-тәжірибеге қол жеткізу үшін әрбір қатысушы елдің орта мерзімді іс-әрекет жоспарын әзірлеуі. - Үйлесімді техникалық стандарттарды қабылдау үшін ұлттық өкіметтер бастамашылық етуі қажет құқықтық шаралардың ретін ұсыну. - мүдделі тараптар арасында ЕО газ секторында стандарттар, ережелер, сертификаттау және аккредиттеу бойынша ақпарат беруді арттыру <p>3.2.2. 2-құрамдауыш - Газды транзитті тасымалдаудың орталық-азия жүйесінде газ шығынын азайтудың технологиясы мен әдіснамасы</p> <ul style="list-style-type: none"> - өңірде газ шығынын азайту мақсатында іс-әрекеттердің басым бағдарламаларын әзірлеу; - газ шығынын азайтуға бағытталған көрсету жобалары түрінде көмек бағдарламасын іске асыру. | | | |
| <p>Қызмет салалары</p> | | | | |

Аббревиатуралардың глоссарии

A D B

A s i a n

D e v e l o p m e n t

B a n k

Азия Даму Банкі

B O M C A

Border Management Central Asia Programme

Орта Азияда шекараны басқару бағдарламасы

C A

C e n t r a l A s i a

Орта Азия

C A D A P / K A D A P

Central-Asia Drug Action Programme

Орта Азияда шекараны басқару бағдарламасы

C A D O

Central America Development Organization

Орта Америка Даму Ұйымы

C A R E C / P Э Ц Ц А

Central Asia Regional Environmental Centre

Орта Азиялық аймақтық экологиялық орталығы

D A M O S

Drug Abuse Monitoring Centre

Есірткіні пайдалану бойынша мониторинг жүйесі

E I A

Environment impact assessment

Қоршаған ортаға әсерді бағалау

E S D

Ecologically sustainable development

Экологияның тұрақты дамуы

E U

E u r o p e a n U n i o n

Еуропа Одағы

E C

E u r o p e a n C o m m i s s i o n

Еуропалық Комиссия

E B R O / E K D B

Europea Bank for Reconstruction and Development

Еуропалық Қайта Құру және Даму Банкі

E E C C A

Eastern Europe, Caucasus and Central Asia

Шығыс Еуропа, Кавказ және Орта Азия

E M C D D A

European Monitoring Centre for Drugs and Drug Addiction

Нашақорлықты және есірткіні қолдану бойынша Еуропалық мониторинг орталығы

E A P
Environmental action programme
Экология бойынша іс-қимыл бағдарламасы

E E
Environmental Education
Экологиялық білім

G E F
Global Environmental Fund
Глобалды экологиялық фонд

H I V
Human immunodeficiency virus
Адамның иммунодефицит вирусы

ИНОГЕЙТ (INOGATE-Inter-State Oil&Gas Transport to Europe)
Еуроропаға мұнай мен газды халықаралық тасымалдауы

I O M / M O M
International Organisation Migration
Миграция бойынша халықаралық ұйымы

I C M P D
International Centre for Migration Policy Development
Миграция саясатын дамыту бойынша халықаралық ұйымы

I M O
International Maritime Organisation
Халықаралық теңіз ұйымы

I P
Indicative Programme
Индикативті бағдарлама

I F I
International Financing Institution
Халықаралық қаржы институты

L E A P
Local Environment Agency Plan
Экологиялық іс-қимыл жоспары

L P G
Liquefied Petroleum Gas
Сұйықталған мұнай газ

N G O / H P O
Non Governmental Organization
Үкіметтік емес ұйым

O E C D

Organization for Economic Cooperation and Development

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы

O L A F

European Anti-Fraud Office

Европейское Бюро по Борьбе с Мошенничеством

O S C E

Organisation for Security and Cooperation in Europe

Еуропа ынтымақтастық және қауіпсіздік ұйымы

P O L I N T

Police Drug Intelligence Systems

Есірткі бойынша полиция жүйесі

P A T C A

Pamir-Altai Transboundary Conservation

Памир-Алтай трансшекара қорығы

P R S P

Poverty Reduction Strategy Paper

Кедейшілікті азайту және дамуды нығайту бағдарламасы

P P P

Public Private Partnership

Мемлекет-жеке меншік серіктестігі

Q H S E

Quality, Health, Safety and Environment

Сапа, денсаулық, қауіпсіздік және экология

R E I T O X

n e t w o r k

European Information Network on Drugs and Drug Addiction

Есірткі және есірткіні қиянат ету жөнінде еуропалық ақпарат жүйесі

R E C / P Э Ц

Regional Environmental Centre

Өңірлік экологиялық орталығы

R E A P

Regional Environmental Action Programme (REAP)

Өңірлік экологиялық іс-қимыл бағдарламасы

R o R o

f a c i l i t y

R o l l - o n / R o l l - o f f

M a r i t i m e

t r a n s p o r t

Теңіз транспорты

S D
Sustainable development

Тұрақты даму

S S G P O C o m p a n y

Sokolovo-Sarbaiskoe mining-and-processibg industrial complex

Соколов-Сарбай тау-кен өндіру индустриалды кешен компаниясы

T A C I S

Technical Assistance for CIS Countries and Mongolia

ТМД елдері мен Монғолияға техникалық көмек

T A N C A

Transboundfry Conserviancy Area

Ерекше қорғаудағы трансшекара аймағы

T B

T u b e r c u l o s i s

Туберкулез

T R A C E C A

Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia

Европа-Кавказ-Азия транспорт коридоры

T A

T e c h n i c a l a s s i s t a n c e

Техникалық көмек

U N D P

United Nations Development Programme

Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы

U N O D C

United Nations Office on Drugs and Crime

Біріккен Ұлттар Ұйымының есіртке және қылмыс бойынша офисі

U N H C R

Office of the United Nations High Commissioner for Refugees

Қашқындар бойынша Біріккен Ұлттар Ұйымының Жоғарғы комиссарының бюросы

U N E S C O / Ю Н Е С К О

United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization

Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет ұйымы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимылдарының бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлігі)" бойынша

бірнеше елді қамтитын бағдарламалар жөніндегі қаржылық келісімге Қазақстан Республикасы Үкіметінің түсіндіру туралы мәлімдемесі

Еуропалық тараптың түсіндірмелерін негізге ала отырып, қазақстандық тарап Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы арасындағы "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимылдарының бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлігі)" бірнеше елді қамтитын бағдарламалар бойынша қаржылық келісімнің (бұдан әрі - Қаржылық келісім) кейбір нормаларын мынадай тәртіппен түсінетін болады.

1. "2005 жылға арналған Орталық Азия бойынша ТАСИС іс-қимылдарының бағдарламасы (1-бағыт: өңірлік құрамдас бөлігі)" атауындағы "2005" деп тараптармен келісілген жобаларды болашақта іске асыру үшін еуропалық тарап Еуропалық Қоғамдастықтардың бюджетінде қаражат көздеген жыл түсініледі.

2. Қаржылық келісімнің 2-бабында көзделген қаржы қаражатын Еуропалық Қоғамдастықтар Комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) Қаржылық келісімнің II қосымшасында көзделген міндеттерді іске асыру үшін Комиссия айқындаған үшінші тұлғаларға береді. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - Үкімет) көрсетілген қаржы қаражатын алмайды және оларды басқаруға қатыспайды.

3. Қаржылық келісімнің 3-бабының 3.1-тармағының ережесі Үкімет бағдарламаға қаржылай үлес қоспайды және 7-баптың 7.2-тармағының нормаларына сәйкес бұл ереже Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 2-бабының 2.2 және 2.3-тармақтарындағы ережелерден басым болады дегенді білдіреді.

4. Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасында көрсетілген "3.1-бап" Қаржылық келісімнің I қосымшасының 3-бабының 3.1-тармағына с і л т е м е д е г е н д і б і л д і р е д і .

Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.1) тармақшасының ережесі жоба шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асырған кезде Еуропалық Қоғамдастықтар рәсімдеріне сәйкес Комиссия Үкімет мүддесінде әрекет етеді дегенді білдіреді. Бұл ретте, Үкімет Комиссияның жоба шеңберіндегі іс-әрекеті үшін үшінші тұлға алдында ж а у а п т ы б о л м а й д ы .

5. Қаржылық келісімдегі "қаржылық субсидиялар" термині Комиссия Үкіметке өтеусіз негізде беретін көмек ретінде түсініледі. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасына берілетін Комиссия гранттары (қаржылық субсидиялар) Үкіметтің Комиссиядан одан әрі қарыз алуын және мемлекеттік бюджеттен бірлесіп қ а р ж ы л а н д ы р у д ы к ө з д е м е й д і .

6. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 8-бабының 8.2-тармағының ережесі (Қаржылық келісімнің 8-бабының 8.1-тармағының 8.1.2) тармақшасын ескере отырып) еуропалық тараптан грант алатындар болмайды дегенді білдіреді.

7. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 9-бабының 9.1 және 9.2-тармақтарының

ережесі Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген техникалық көмектерді (гранттарды) салықтық, кедендік және Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетіне төленетін басқа да міндетті төлемдерден босату Еуропалық Қоғамдастықтың техникалық көмегіне (гранттарына) де қолданылады дегенді білдіреді.

8. Бағдарламаны іске асыру үшін Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 5, 6, 7, 12 және 13-баптарының ережелерінде көзделген келісім-шарттар мен гранттарды беруді Комиссия Еуропалық Қоғамдастықтардың рәсімдеріне сәйкес дербес жүзеге асырады.

9. Үкімет Қаржылық келісімде көзделген қаржы қаражатын алмайтындықтан және оларды басқаруға қатыспайтындықтан, Қаржылық келісімнің I қосымшасының 14 және 15-баптарының ережелері Үкімет Қазақстан Республикасының мүдделеріне сәйкес Комиссиямен осы Қаржылық келісімді іске асыру барысында бұзушылықтар, алаяқтық іс-әрекеттер және сыбайлас жемқорлық туындаған жағдайда оларды болдырмау мәселелері бойынша ынтымақтастық жасайды дегенді білдіреді.

10. Қаржылық келісімнің 1-қосымшасының 16, 17, 18 және 19-баптарының ережелері Қаржылық келісімге өзгерістер енгізілгенге, оның қолданылуы тоқтатыла тұрғанға немесе тоқтатылғанға дейін Тараптар бірімен бірі тиісті консультациялар жүргізеді дегенді білдіреді. Қаржылық келісімге түзетулер енгізуді Тараптар өзара келісім бойынша жүзеге асырады. Тараптың Қаржылық келісімді тоқтату туралы шешімі екінші Тарапқа хабарланғаннан кейін екі ай өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Үкіметі үшін

РҚАО-ның ескертуі. Ағылшын тіліндегі мәтінді қағаздағы нұсқасынан қараңыз.